

ЗАН

№2 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

**БАҚЫТЫН ЕНБЕКТЕН
ТАШҚАН ЗАҢҒЕР**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№2 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,

д.ю.н., профессор

АЙТХОЖИН К.К.,

д.ю.н., профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,

з.ғ.д., профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

МАУЛЕНОВ К.,

д.ю.н., профессор

СӘБИКЕНОВ С.,

з.ғ.д., профессор

ДОСАЛИЕВ Қ.

з.ғ.д., профессор

ШУМИЛОВ В.,

д.ю.н., профессор,
заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Бақытын еңбектен тапқан заңгер
Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ3

Понятие и сущность электронных сделок
Г. НУРАХМЕТОВА13

Жемқорлықпен күрес тың реформаны қажет етеді
К. БІРЖАНОВА,
Ж. ТАРАП,
Д. ТАРАП17

Ішкі істер органдарындағы ақпараттық талдау жұмысы
Ш. АМИТОВ21

Правовая культура и антикоррупционное образование
С. СУЛЕЙМЕНОВА25

Қызыл алаңнан мотоциклмен өткен қазақ
М. ӘБДІХАЛЫҚ.....27

Әлеуметтік кәсіпкерлікке қолдау қажет
Б.АҚЫШЕВ32

Применение аналогии закона при совершении
исполнительной надписи
Х. ҚАЙРАТ34

Үкім өзгеріссіз қалдырылды
Қ. ДҮЙСЕНБИ36

«Полиция халыққа жақын болуы қажет»
М. ФАЗЫЛОВА.....38

Ұлылықты ұлықтау
С. ЖИЕНБАЕВ41

БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАШҚАН ЗАҢГЕР

Қаймағы бұзылмаған қазақы өлке Қызылорданың Қармақшы ауданында дүниеге келіп, сот төрелігін 26 жыл абыроймен атқарған Молдабек Ахметов 17 ақпанда 70-ке толады. Сот жүйесінің үздігі, «Үш би» төсбелгісінің иегері Молдабек Меңлібайұлы заңгер, судья ғана емес, сонымен қатар, сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ғалым-ұстаз. Жазу-сызу өнерін меңгерген қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Сыр бойының сот билігі» және «Қызылорда облыстық сотының 75 жылдық мерейтойы», т.б. кітаптардың авторы. Заң ғылымдарының кандидаты, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің Құрметті профессоры Молдабек Ахметов бүгінгі күні аталған оқу орнында заңгерлер дайындауда.



Молдабек Меңлібайұлы тумысынан еңбекқор жан. Хакім Абайдың «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өсиетін нық ұстанған заңгердің өмір жолы

тағылымға толы. Мектеп бітірген соң Ақтөбе облысында мұнай мекемесінде жұмыс істеді. Осы жерден ол Отан алдындағы әскери борышын өтеуге Украинаның Житомир



ҚАЗАҚТЫҢ ЗАҢҒАР ЗАҢҒЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ

Сұлтан Сартаев, Тамас Айтмұхаметов, Мұсабек Әлімбеков, Марат Сабырбаев,
Абрашит Жүкенов, М.Ахметов

қаласына кетеді. Шымкенттегі медициналық училищені бітірген соң Жалағаш, Қармақшы аудандық ауруханаларында 13 жыл еңбек етіп, халық денсаулығының жақсаруына атсалысты. Бұл аз уақыт емес, әрине. Осы салада қалып қойса да болар еді, алайда, жүрек қалауы заңгерлікті таңдады. Сол қалаудың жетегімен қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде білім алды.

Судьялыққа нағыз кемел шақ 36 жасында келді. Алдымен Қармақшы, одан кейін Жалағаш аудандық соттарында судья болды. «Еңбек етсең еленерсің» дегенді дана халқымыз тектен-текке айтпаған. Екі аудандық сотта да тынбай еңбектеніп, өзінің білім-білігін дәлелдеген Молдабек Меңлібайұлы Сырдария аудандық сотының төрағалығына тағайындалды. Ахметов басқарған алты жылда Сырдария аудандық соты республика бойынша базалық және үлгілі сот атанып, озық тәжірибесі облыс соттарына таратылды.

Молдабек Меңлібайұлы үшін бір жұмыспен шектелу жат, содан болар ол барлық уақытта ұстаздықты негізгі қызметімен қатар алып жүрді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде, т.б. жоғары оқу орындарында студенттерге қылмыстық құқық пен әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша лекциялар оқыды. Сондай-ақ, бірнеше жыл мемлекеттік комиссияда төраға болып, болашақ мамандардың білімін саралады. Үнемі ізденіс үстінде, тың дүниелерге құмартып жүретін Молдабек Ахметов қай сотқа барса да сот актілерінің мемлекеттік тілде сауатты жазылуына жіті көңіл бөлді. Осылайша ол облыста қазақ тіліндегі сот актілері мен қаулыларының сапалы дайындалуына өлшеусіз үлес қосты. Ұлт жанашырының мұндай игі істері өскелең ұрпаққа әрқашан да үлгі-өнеге болары анық.

Қазақта «Ер қадірін ел білер» деген тамаша сөз бар. Ел келешегінің жарқындығын көксейтін сот жүйесінің басшылығы ұрпақ

қамы үшін жасалып жатқан игі істерді қолдады. М.Меңлібайұлының еңбегі бағаланып, Қызылорда қалалық сотының төрағалығына тағайындалды. Тәжірибелі судья, іскер басшы қалалық сот қызметінің жандануына кәсіби тұрғыда жаңа леп беріп, жұмыс сапасын жоғары деңгейге жеткізді. Нәтижесінде 2002–2007 жылдары Қызылорда қалалық соты республикадағы маңдай алды соттардың бірі болып танылды.

Қызылорда облыстық сотында қылмыстық алқаның төрағасы, судья қызметтерін атқара жүріп мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін көтеру институтында дәріс берді. Атап өтерлігі, Молдабек Ахметов 2005 жылы Қазақстан Республикасы Судьялар одағының IV съезіне делегат болып қатысты. Онда ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер қарайтын алқа төрағасы Сансызбай Райымбаевтың жетекшілігімен, Жоғарғы Сот төраға-

сы Қайрат Мәмидің қолдауымен Елбасы мен әріптестерінің алдында сот реформаларына, кадр мәселесіне байланысты баяндамасын қазақ тілінде жасап, өзекті проблемаларды көтерді. Сотқа қатысты өзекті проблемалардың мемлекеттік тілде айтылуы Тұңғыш Президент тарапынан қолдау тапты.

Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесінде өзіндік орны бар Молдабек Ахметов 2018 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Біз «совет» кезеңінің зардабын тартқан әулетшіз

Қазақ ежелден жеті атаға мән беріп, адамды тегіне қарап бағалаған халық. Молдабек Меңлібайұлының жұртшылдығы



2005 жыл ҚР Судьялар одағының IV съезі



Құрметке бөленген күн

мен өмір сүру салты, еңбекқорлығы атадан балаға жалғасқан қасиет екенін әкесі жайлы әңгімесінен байқадық.

– Халық жауының баласы атанған әкемнің өмірі оңай болмады. 1930 жылы көзі ашық, көкірегі ояу, ел-жұртының жайын ойлаған атама «бай баласы, мемлекет тапсырмасын қасақана орындамады» деген айып тағылады. 1,5 жыл мәжбүрлі түрде қара жұмысқа жегіліп, одан кейін 5 жылға сотталды. Оның соңы 1937 жылы халық жауы ретінде атылуымен бітеді. Ол кісінің қайда жерленгені әлі күнге дейін белгісіз. Қызылорда облыстық соты президиумының қаулысымен 1961 жылы атама тағылған айыптың дәлелденбеуіне байланысты қылмыстық істі өндірістен қысқарту туралы шешім қабылданған. Ахмет Тұрғамбаев «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңымен 1995 жылы ақталды.

Әкемнің ағалары Дүйсенбай мен Қабылай 1941 жылы соғысқа аттанып, содан оралмады, хабар-ошарсыз кетті. Тағы бір ағасы

Абылай Отан қорғауға өз еркімен сұранды. Орел қаласын азат етуде немістердің қолына түсіп, олар совет солдаттарын Италияның концлагеріне алып кетеді. Абылай концлагерьден қашып шығып, италияндық партизандарға қосылады. Жау жолдарына тосқауыл қойып, немістердің техникаларын жарып, ерлікпен шайқасады. Ержүректігіне тәнті болған италияндықтар оны Анжело деп атап кетеді.

Италияны неміс басқыншыларынан азат еткен ерлігі үшін сол елдің ең жоғарғы наградасын алды. Алайда, соғыс аяқталып, Одессаға келгенінде Сталиннің бұйрығымен қамауға алынып, 19 жылға сотталады. 1941 жылы соғысқа кетіп, туған жеріне 1970 жылы оралды. Абылай ағам өзі үшін соғыстың осы жылы біткенін айтып отыратын.

Атам мен ағамның тағдыры кезінде әкемнің құдалауға түсіп, көп қиындық көруіне әсер етті. Бірақ, рухы мықты әкем мойымай, өмірден өз жолын тапты. Анам

Райымқызы Күлдәрай екеуі жеті баланы жетілдірді. Бес айлығымнан нағашы атам мен әжемнің қолында өстім. Нағашы атам Райым мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновпен құрдас, бірге өскен досы. Осы кісілер менің бойыма ұлттық құндылықтарды сіңіріп, еңбекке баулыды. Өнегелі тәрбие берді.

Молдабек Ахметовтың туған тілін сүйі, ұлтжандылығы, әдебиетке жақындығы ана сүтімен, әке қанымен дарыған қасиет. Олай дейтініміз, Меңлібай Ахметов Тереңөзек аудандық «Сталин жолы» газеті мен радио торабын, қызыл отау ұйымын басқарған. Сонымен қатар, Қармақшы аудандық газетінің меншікті тілшісі, аудандық комсомол комитетінің сектор бөлімінің басшысы қызметін атқарған. Өнер-білімге жақын, халық қамын ойлаған азамат болған.

Жақсы істердің жаршысы болды

Бойындағы қарым-қабілетін ізденіске, қажыр-қайраты мен еңбегін ел игілігіне арнаған Молдабек Меңлібайұлы қай салада еңбек етсе де қоғамдық жұмыстар мен мәдени, спорттық іс-шараларға белсене араласты. Мәселен, Қармақшы аудандық ауруханасында кәсіподақ ұйымын басқарды. Сот жүйесінде 2002–2008 жылдары Қызылорда облысы Судьялар одағы филиалына төрағалық етіп, небір игі істердің жаршысы болды. Судьялар одағының Республикалық спартакиадаларына белсене қатысып, бильярдтан бас жүлдені жеңіп алды.

Жоғарғы Соттың «Қазақ билер тарихын зерттеу жөніндегі» жұмысшы тобының белді мүшесі болды. 2015 жылы ҚР Жоғарғы Сотының сол кездегі төрағасы Қайрат Мәми Ахметовке Қазақ Хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар ұйымдастыру жауапкершілігін жүктеді. Бұл ретте де Молдабек Меңлібайұлы сенім үддесінен шыға білді. Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстық соттарының өкілдерін қатыстырып Қызылордада ғылыми-теориялық конференция

Мерейтойға тілек

**Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ,
ҚР Жоғарғы Сотының
отставкадағы судьясы:**

БИЛЕР СӨЗІН ДӘРІПТЕЙТІН БИ РЕТІНДЕ БАҒАЛАЙМЫН

Мен Молдабек Ахметовті әріптес ретінде 2001 жылдан бері білемін. Сол жылы Жоғарғы Соттан Қызылорда облысына іссапармен бардым. Ол кезде Молдекең Сырдария аудандық сотының төрағасы. Осы соттың жұмысымен танысқанымда Молдекеңнің ұйымдастыру қабілеті мен іскерлік қасиетінің жоғары әрі талантты басшы екенін байқадым. Соттың жұмысы тап-тұйнақтай, барлығы өз орнында тиянақты жасалған. Іс қағаздары өте ұқыпты әрі сауатты дайындалған. Бұдан кейін де жұмыс барысында талай рет жүздестік. Сот билігі, оның өсіп-өркендеуі жөнінде телефон арқылы, кездескенде болсын пікірлесеміз.

Молдекеңді өз басым Қазақстан Республикасындағы абыройлы судьялардың бірі ғана емес, сонымен қатар, дана бабаларымыз бен билердің сөзін ұмыттырмай, жинақтап, соларды дәріптеп жүрген би ретінде бағалаймын. Оның «Билер сөзі киелі» деген кітабында Сыр өңіріне белгілі билер Әйтеке, Досбол, Бала би, Тұрсынбай, Торғай, т.б. даналық сөздері топтастырылған. Молдекең қазір де қарап жүрген жоқ. Жастарға білім беріп, заңгерлікке баулу да. Молдекеңе зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Отбасында, бала-шағасының ортасында бақытты гұмыр сүрсін. Абыройы арта берсін!

өткізді. Конференцияға бес облыстың тарихшы, ғалымдары мен заңгерлерін шақырды. Атап айтқанда, Қазақ хандығының тарихын зерттеп, сүбелі еңбектер жазған

белгілі ғалымдар Хангелді Әбжанов, Берекет Кәрібаев, заң ғылымдарының докторы Арықбай Ағыбаев, этнограф зерттеуші Тынышбек Дайрабай, т.б. өздерінің ел тарихы

Мерейтойға тілек

ОН ОТЛИЧИЛСЯ ГЛУБОКИМИ ЗНАНИЯМИ

С Молдабеком Менлибаевичем я познакомился в 1992 году.

В то время мне довелось работать начальником областного управления юстиции Кызылординской области, когда подбор судейских кадров осуществлялся органами юстиции.

В порядке эксперимента областное управление юстиции проводило отбор кандидатур на занятие судейской должности на альтернативной основе. Предварительно в местной печати обратились к населению с предложением принять участие в конкурсе. Изучили более 700 анкет претендентов незадействованных в правоохранительных и судебных органах, среди них был и Молдабек Менлибаевич, который выделялся среди других кандидатур своими знаниями, корректностью поведения и коммуникабельностью.

Благодаря исключительно своим личным качествам, отвечающим требованиям предъявляемым к кандидатам в судьи в силу действующего в то время Указа Президента Республики Казахстан, имеющего силу Конституционного закона, Молдабек Менлибаевич в установленном порядке стал судьей.

Уже в первом месяце своей работы он отличился своими организаторскими способностями, навел порядок в делопроизводстве суда, обеспечил своевременное и качественное рассмотрение дел, организовал субботники по ремонту здания и облагораживанию территории суда. Положительный опыт суда неоднократно обобщался и направлялся в другие суды области для использования.

Затем я был переведен в Министерство юстиции и так далее, но деятельность судов Кызылординской области оставалась в моем поле зрения по службе и по общественной деятельности в рядах Союза судей Казахстана.

Мне очень приятно, что знание и опыт судейской деятельности Молдабека Менлибаевича способствовали его продвижению на важные должности: председателем Сырдарьинского районного суда, Кызылординского городского суда, председателем уголовной коллегии Кызылординского областного суда.

Его уникальность в работоспособности заключается в основательном изучении материалов, в великоленном сочетании практического и научного подхода в решении поставленных задач. Не случайно Молдабеку Менлибаевичу выпала большая честь выступить в прениях на IV Съезде Союза судей Казахстана в 2005 году перед Главой государства и участниками Съезда.

Имя безупречную репутацию за весь период судейской деятельности, Молдабек Менлибаевич в настоящее время находится в почетной отставке, но продолжает свою научную, творческую, общественную и преподавательскую деятельность. Его дельные предложения по совершенствованию законодательства в сфере судостройства и судебной практики до сих пор очень востребованы в Верховном Суде и Парламенте.

Желаю Молдабеку Менлибаевичу долгих лет жизни, дальнейших творческих успехов, семейного счастья и много сил, чтобы, как всегда, высоко держать планку требовательности к себе и окружающим.

Всегда с уважением Владимир БОРИСОВ.



Әріптестер ортасында

Мерейтойға тілек

Амангелді АНУАРБЕКОВ,
Қызылорда облыстық соты Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

СОТ ТӨРЕЛІГІН ӘДІЛ АТҚАРДЫ

Молдабек өз еңбегімен өсті. Аудандық, қалалық соттардың жұмысын өркендетті. Оның тәжірибесін облыс соттары қолданды. Төле би бабамыз «Тура биде туған жоқ» демеуіме, Ахметов шынышыл судья болып, сот төрелігін әділ атқарды. ҚР Судьялар одағының филиалын басқарғанда түрлі спорттық шараларды ұйымдастырды. Өмірден қайтқан сот ардагерлерінің жұбайларын шақырып волейболдан турнирлер өткізді. Соттың ішкі жұмыстарынан сырт қалмады, барлығына бел шешіп кірісті.

Жас судьяларға өзінің тәжірибесін үйретті. Отставкаға шыққаннан кейін де жұмыстан қол үзбей, университетте сабақ беріп жүр. Молдабек биік деңгейдегі, елге еңбегі сіңген қадірлі азаматтардың бірі. Ылғи да «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетіп тұрады. Үлкенмен де, кішімен де сыйласа біледі. Кандидаттық диссертациясын судьялар арасында алғашқылардың бірі болып қорғады. Үлгілі әке, балаларына жақсы тәрбие берді. Қандай жетістікке жетсе де қарапайымдылығынан айнымаған, мінезі ашық, ақжарқын азамат. Айналасындағылармен жақсы тіл табысады, бірақ, шындықты тура айтады. Кейде сол турашылдығымен көп адамға жақпай қалатыны да бар. Жұбайы Баян да өте керемет жан. Бауыржан Момышұлы атамыздың ұрпағы, текті жердің қызы.

Молдабектің 70 жылдық мерейтойы құтты болсын. Қоғамға өзінің пайдасын тигізе берсін, мықты денсаулық, отбасына береке-бірлік тілеймін.

Мерейтойға тілек

**Мусахан БАСШЫБАЕВ, Білім беру ісінің үздігі,
Саяси ғылымдардың кандидаты:**

МЕНИҢ КЛАСТАСЫМ

Молдабекпен Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентіндегі Ш.Уәлиханов атындағы қазақ-орта мектебінде бірге оқып, 1972 жылы бітірдік. Мектепте Молдабек өмірге деген құштарлығымен, балалар арасында ашық-жарқын мінезімен, көпшілдігімен ерекшеленетін. Мектеп бітіргеннен кейін тіс дәрігері мамандығын оқып-игерді. Қармақшы ауданында стоматолог бола жүріп аудандық аурухананың бастауыш кәсіподақ ұйымының жетекшісі қызметін атқарды. Сол қызметте жүріп, Алматыдағы ал-Фараби атындағы мемлекеттік университетін сырттай оқып бітірді. Өзінің туған өлкесінде аудандық, қалалық, облыстық соттарда төраға, судья қызметтерін абыроймен атқарды. Ол сот жүйесінде жұмыс істеген кезінде ашықтық, адалдық принциптерін басшылыққа алып, азаматтардың сотқа деген сенімінің артуына назар аударды. Жергілікті билік органдарымен тығыз байланыста жұмыс істеп, сот гимараттарының материалдық-техникалық базасын нығайту, судьялардың жайлы орында жұмыс істеуі, сотқа жүгінушілердің әділ шешім алуы үшін барлық жағдайды жасады.

Молдабек Ахметов судьялық қызметімен бірге ғылыми іздену жұмыстарын да қатар алып жүрді. Заң саласында ғылыми еңбек жазып, заң ғылымдарының кандидаттық дәрежесін қорғады. Ол өз тәжірибесінен баяндамалар әзірлеп, судьялардың облыстық, республикалық семинар-кеңестерінде бөлісті. Астана қаласында өткен Судьялардың съезінде сөз сөйледі. Ол қазір отставкадағы судья, облыстағы заң көмегін қажеттетін азаматтарға заң шеңберінде көмек берумен айналысады. Ұзақ жылғы заң саласындағы атқарған қызметіндегі бай тәжірибесін студенттерге беріп, олардың заң саласынан жан-жақты білім алуына үлес қосып келеді.

Молдабек Ахметов зайыбы Баян екеуі бірнеше ұл мен қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген өнегелі отбасы. Ұлдары да әке жолын құды, берекелі отбасының егелері. Молдабек пен Баян қатар-құрбыларымен тығыз қарым-қатынаста өмір сүруде. Ол ағайын-туғандарының ақылшысы, қамқоршысы. Молдабек заң саласының қалыптасуы мен дамуына, жастардың құқықтық сауаттылығының артуына лайықты үлес қосып келе жатқан тәжірибелі заңгер.

Кластасымды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Барлық ой-арманының жүзеге асуына тілектеспін.

туралы құнды ойларын ортаға салды.

Әріптесінің еңбегіне көңілі толған Қайрат Мәми өзінің «Аға» деген кітабына **«Әділ би, абыройлы азамат Молдабек Меңлібайұлына ризашылықпен»** деп қолтаңба жазып сыйлады.

Бір сәтке де тынбайтын, жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын Молдабек Ахметовтың ел сүйсінер тірлігі мұнымен бітпейді. Ол жергілікті халықтың құқықтық сауатының көтерілуіне атсалысуды өзінің басты міндетінің бірі санап, облыс көлемінде жұртшылыққа және соттарға бітімгершілік рәсімдерін қолдану жөніндегі Медиация туралы, сондай-ақ, басқа да заңдарды насихаттау, түсіндіру мақсатында лекциялар оқыды, семинарлар өткізді. Қолы қалт еткенде уақыт тауып, күш-жігерін халықты құқықтық ағартуға жұмсады. Қоғамдық шараларға бұл кісіні ешкім міндеттемейді, өзіне тиесілі жұмысын істеп тыныш жүре беруіне де болады. Бірақ, рухани болмысы биік заңгердің жаратылысы солай, жастарға үлгі боларлық ғибраты мол дүниелер жасау сүйікті ісі. Сонымен қатар, облыс соттарында сапалы сот тәжірибесін қалыптастыру, сот жүйесінің беделін жоға-

рылату тұрғысында республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында құқық мәселелері, қазақ билері туралы танымдық мақалаларын үзбей жариялады.

Қазіргі күні де университеттегі әріптестерімен бірге игілікті шаралардың ұйытқысы болып жүр. Молдабек Меңлібайұлының зерттеулері нәтижесінде көптеген халықаралық, республикалық, т.б. басылымдарда ғылыми материалдар жарық көрді. Жоғарыда айтқанымыздай, ол тынымсыз ізденістің нәтижесінде «Сыр бойының сот билігі» және «Қызылорда облыстық сотының 75 жылдық мерей тойы» атты аталған өңір сот жүйесінің тарихын паш ететін деректі жинақтар шығарды. Сонымен қатар белгілі этнограф, зерттеуші Дайрабай Тынышбекпен бірге «Билер сөзі киелі», «Сыр елінің тарихи ескерткіштері» кітаптарын қазақ және орыс тілдерінде елге ұсынды. Аталған кітаптар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мұражайына, сондай-ақ, Ұлттық кітапхананың мұрағатына алынды.

Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы өткізген халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде «Сыр елінің тарихи ескерткіштері» кітабы «Үздік ғылыми-танымдық басылым» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі дипломы жеңіп алды. Молдабек Ахметовтың есімі 2021 жылы ҚР Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі ғалымдары» кітабы мен еліміздің зиялы қауымдастығына арналған «Қазақстанның Алтын кітабы» жинағына енді.

Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Молдабек Ахметовтың айрықша айтар тағы бір еңбегі ол аталған ауданның Дұр-Оңғар ауылына қуғын-сүргін құрбандарына арналған тас белгі орнатты. Бұдан кейін аудан орталығындағы Тағзым алаңына Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы техникалық ғылымдарының докторы, академик, «Құрмет» орденінің иегері, Қармақшы ауданының Құрметті азаматы Ясин Ұзақов және техникалық ғылымдарының кандидаты, І дәрежелі «ҚР Атом саласының еңбек сіңірген қызметкері», «Құрмет» орденінің иегері Марат Ниетбаев үшеуі қуғын-сүргінге

Мерейтойға тілек

**Гүлнар АРҒЫНБЕКОВА,
Қызылорда «Болашақ»
университеті құқықтану және
қоғамдық пәндер кафедрасының
меңгерушісі:**

ҰСТАЗДЫҚ БАҚЫТ ТІЛЕЙМІН

Қадірлі де, құрметті Молдабек Меңлібайұлы, Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен ұжым атынан шын жүректен құттықтаймын. Көрнекті заңгер ғалым, сот жүйесінің майталман маманы, университет профессоры, абыройлы ұстаз ретінде туған еліңіздің ғылым мен білім саласына қомақты үлес қосып келесіз. «Болашақ» университетіндегі ұстаздық жолыңыз шәкірттеріңіз бен біз үшін әрқашан да өнеге. Қазақ заң ғылымының өркендеуі үшін жасаған еңбектеріңіз жас ғалымдар мен студенттер білімін шыңдауда. Қаншама құнды еңбектің авторысыз. Қазақ билер институтын жас ұрпақпен қауыштыру мақсатындағы шығармаларыңыз үлкен қазына.

Қымбатты Молдабек Меңлібайұлы, жеті асуға шыққан осынау мерейлі шағыңызда Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Ұлт болашағы жолындағы қажырлы еңбегіңіздің жемісін көріп, құрмет пен абыройға, ұстаздық бақытқа бөлене беріңіз.

ұшыраған ауданның 231 азаматына арнап тас белгі қойды.

Байлығым - балаларым

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Отанды сүю отбасы, ошақ қасынан басталады» сынды қазақы тәрбиеге айрықша мән беретін заңгердің айтуын-



Құғын-сүргін құрбандарына тағзым

ша, ұлағатты ұрпақ өсіру үшін ең алдымен олардың бойына ұлтымыздың ежелден қалыптасқан құндылықтарын, бесік тәрбиесін сіңіру шарт. Молдабек Меңлібайұлы мен Баян Айнабекқызы бүгінде ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырып, олардан тараған жиырмаға жуық немеренің рахатына кенеліп отырған бақытты ата-әже. Тұңғышы Әлібек отбасылы, жоғары білімді маман. Ол әке жолын қуып, заңгерлікті таңдады. Қазіргі күні Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы. Үлкен қызы Элвира экономист, екінші ұлы Жәнібек прокуратура саласында еңбек жолын бастап, қазір жеке кәсіпкер болып жұмыс жасауда. Қызы Гүлмира да заңгер. Ата-ананың тәлімді тәрбиесінің арқасында әрқайсысы өмірден өз орындарын тауып, тірліктерін дөңгелентіп жүр.

Молдабек Меңлібайұлының «Мен үшін тағдырдың баға жетпес құнды сыйы ол ананың ақ сүтімен және әкенің қанымен берілген адами тәрбиенің жетістігін ұрпақтарымының бойынан көріп, өмірден еңбегімнің еш кетпегеніне көз жеткізіп өту» деген сөзі кімді де болса ойлантатын аталы сөз.

Ақталған еңбек

Жеке өмірде, қызметінде болсын қазақ билерінің бай тәжірибесін өзіне бағдаршам етіп, олардың тағлымды өсиетіне бас иген Молдабек Ахметов өнегелі еңбек жолында Қазақстан Республикасы Президентінің, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының Құрмет грамоталарымен, ҚР Әділет министрінің, ҚР Судьялар Одағы Орталық Кеңесінің

алғыс хаттарымен марапатталды. Сот төрелігін жүзеге асырудағы табыстары, судьялар қауымдастығын нығайтудағы белсенді қызметі және сот қызметін ұйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі еңбегі үшін «Үш би» Құрмет белгісін, II дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісін, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл», «Астанаға 10 жыл», «Қызылорда қаласына 200 жыл» мерекелік медальдерімен марапатталған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің төс белгісі иегері.

Молдабек Ахметов Қалимұлла Халиков, Мәжит Имашев, Ағыбай Арықбаев сынды мықты заңгер ғалымдармен етене араласуын өмірінің ең бір шуақты күндеріне балайды. Молдабек Меңлібайұлы Қазақстанның заң, ғылым-білім салаларының дамуына ерекше көңіл бөліп, сұранысқа ие заңгерлерді дайындауда ерен еңбек етіп келеді. «Болашақ» университеті Құрметті профессордың 70 жылдық мерейтойының құрметіне «Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі билер институтының рөлі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырғанын да айтып өткен жөн болар.

Иә, көптің құрметі, жұрттың сыйы – бағасыз байлық десек, дүйім жұрттың ішінде сондай байлыққа, биік беделге ие болу бақыты бұйырған Молдабек Меңлібайұлын біз де мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

**Материалды дайындаған
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист**

ПОНЯТИЕ И СУЩНОСТЬ ЭЛЕКТРОННЫХ СДЕЛОК

На сегодняшний день развитие информационно-коммуникационных технологий непосредственно влияют на все сферы жизнедеятельности человека, что, в свою очередь, не обходит стороной развитие гражданско-правовых отношений. В эпоху цифровой трансформации появилась необходимость ускоренно внедрять новые технологии в гражданский оборот. Важно отметить, что тщательный анализ и правовое регулирование необходимы для эффективной адаптации действующих норм, так как реализация большинства гражданско-правовых отношений, проводником которых выступают сделки, совершаются в электронной форме.

Появление современных средств связи существенно изменило формы и методы заключения гражданско-правовых сделок. Скорость и удобство - ключевые преимущества электронного документооборота. В условиях рыночной экономики оперативность играет большую роль и влияет на результат совершаемых сделок [1]. Внедрение всё новых информационных технологий в практическую деятельность приводит к усложнению правового обеспечения договорной работы. Сделки в электронной форме получили распространение в самых различных сферах гражданского оборота. В первую очередь речь идет о сделках купли-продажи (расчетных сделках, закупки товаров, работ, услуг, биржевых сделках, сделках купли-продажи ценных бумаг и т.п.). Договоры, заключаемые с помощью различных информационных технологий и технических устройств, отличительной особенностью ко-

торых является их возможность по созданию документов в цифровом виде, признаются заключенными в электронной форме [2, с.75]. В число обязательных реквизитов договора как документа входят наименование сторон, согласованные ими существенные условия договора, подписи сторон, их адреса и платежные реквизиты, дата и место заключения договора. Однако в связи с недостаточной приспособленностью понятийного аппарата гражданско-правовых сделок с использованием информационных технологий на практике появились затруднения при толковании терминов «устная» и «письменная» форма сделки применительно к договорам в электронной форме.

На самом деле электронная сделка не нова для национального законодательства, отсутствует только ее законодательное определение, оно вытекает из положений о сделках, ее видах, признаках и формах,

регламентированных Гражданским кодексом Республики Казахстан. В теории гражданского права сделки характеризуются как осознанные, целенаправленные, волевые действия физических и юридических лиц, совершая которые они стремятся к достижению определённых правовых последствий. А законодательное определение сделкам ГК РК регламентирует как действие граждан и юридических лиц, направленные на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей. Сущность сделки, заключенной хоть в устной, письменной или электронной форме, составляет волеизъявление субъекта гражданских правоотношений. Основным условием действительности сделки является свобода волеизъявления лица [3, с. 237]. Поэтому воля и волеизъявление является основополагающим условием действительности и самой сутью сделок, а формы сделок являются способом выражения воли лиц, которые намерены заключить сделку. ГК РК предусматривает устную и письменную форму (простая и нотариальная), а также существует письменная форма с государственной регистрацией. Воля может быть выражена таким образом: устно, письменно, в том числе электронно, совершением конклюдентных действий, молчанием (бездействием).

В соответствии с ГК РК граждане и юридические лица свободны в заключении договора, это дает возможность в цифровых условиях жизни определять форму будущей сделки, так как она является доказательством заключения сделки, способом фиксации воли и волеизъявления и условием действительности сделки, а не соблюдение общих требований к форме сделки влечет или может в будущем повлечь ее недействительность. По требованию одной из сторон могут устанавливаться дополнительные требования, которым должна соответствовать форма сделки, в частности совершение на бланке определенной формы, скрепление печатью юридического лица, если данное лицо в соответствии с законодательством Республики Казахстан должно иметь печать. Само определение электронной сделки ре-

гламентировано в виде письменной формы сделки и дополненная к ней электронная форма сделки, установленная в соответствии с п.п. 1-1 и 2 ст. 152 ГК РК – «письменная форма сделки совершается на бумажном носителе или в электронной форме. Сделка, совершенная в письменной форме, должна быть подписана сторонами или их представителями, если иное не вытекает из обычаев делового оборота» [4]. Также допускается при совершении сделки использование средств факсимильного копирования подписи, электронной цифровой подписи, если это не противоречит законодательству или требованию одного из участников».

В соответствии с п. 3 ст. 152 ГК РК к совершению сделки в письменной форме, как пишет законодатель, приравнивается обмен письмами, телеграммами, телефонограммами, телетайпограммами, факсами, электронными документами, электронными сообщениями или иными документами, определяющими субъектов и содержание их волеизъявления, если иное не установлено законодательством или соглашением сторон [4]. За исключением определенных рисков, связанных с признанием сделки недействительной или же с нарушением требований к форме, существует способ, который посредством электронных сообщений позволяет установить намерения сторон договора заключить сделку, то есть определить волеизъявление. При этом сделка совершается исключительно посредством электронных коммуникационных средств, к примеру, в сети «Интернет». Таким образом, следует учесть тот факт, что в соответствии с действующим законодательством возможно совершить сделку без электронной цифровой подписи.

Главной особенностью электронных сделок является выражение воли и волеизъявления, так как осуществляется при помощи электронных средств связи. То есть отсутствие фактического присутствия, находясь в виртуальном пространстве, посредством технических средств закрепляется факт волеизъявления. Но в правоприменительной практике по сей день существуют споры ка-

саемо электронных сделок и признания сделок недействительными, которые были заключены при помощи электронных средств связи. Вопрос состоит в актуальности данного исследования, так как не всегда можно определить действительно ли сторона договора заключила сделку или же это было другое лицо, что вызывает ряд существенных проблем. Исходя из вышеизложенного, понятие письменной формы сделки равноценно альтернативной электронной форме сделки, которая имеет ту же цель, функцию и признаки, но процесс фиксации волеизъявления разный, также конкретного определения электронной форме сделке в ГК РК нет. Существуют общие требования к формам сделки, которые могут повлечь риск признания данной сделки недействительной, также учитывая тот факт, что договорные обязательства могли быть оформлены посредством информационно-коммуникационных технологий.

Гражданский кодекс РК допускает заключение сделок в электронной форме. Для того чтобы сделка была признана действительной, необходимо наличие подписей контрагентов. Правовая природа электронной формы сделки в юридической литературе определяется как разновидность простой письменной формы. Вместе с тем некоторые ученые считают, что это положение требует пересмотра по следующим основаниям. Во-первых, не во всех случаях использования договаривающимися сторонами информационных технологий при заключении договоров можно сделать вывод о том, что такой договор совершен именно в письменной форме. Законом установлены формальные признаки письменной формы сделки, которые должны быть выполнены. Эта проблема связана с тем, что, используя информационные технологии в процессе согласования условий будущего договора, стороны не всегда заключают договор именно в письменной форме (например, по скайпу, телефону, факсу и т.п.). Во-вторых, даже если сторонами выполнены все требования, установленные законодательством для письменной формы сделки, свойства

электронной формы заключенного договора могут оказаться настолько отличными от традиционной письменной формы, что возникает обоснованное сомнение, действительно ли электронная форма и письменная простая форма сделки - это одно и то же.

Автор разделяет мнение Н.В. Крысановой, которая в своем исследовании отметила особенность появления современных средств связи и считает, что с помощью информационно-коммуникационных технологий существенно отражается и изменяются методы и формы заключения гражданско-правовых сделок [5 с. 223]. На сегодняшний день основополагающими факторами преимущества являются скорость и удобство, так как в условиях рыночной экономики эффективность и оперативность действий играет большую роль и также влияет на результат совершаемых сделок.

Необходимо отметить, что существуют отдельные специальные законодательные нормы, регулирующие вопросы определения понятий «электронный документ» «ЭЦП», автором проведен анализ для установления ее содержания. В соответствии со статьей 152 ГК РК при заключении сделки в электронной форме требуется использование средств факсимильного копирования подписи или ЭЦП, что, в свою очередь, приравнивает ее сделке, которая была подписана традиционным образом (собственноручно) на бумаге. В соответствии с п. 12 ст. 1 Закона РК «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» под электронным документом понимается «документ, в котором информация представлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством электронной цифровой подписи» [6]. Следовательно, письменная форма сделки, совершаемая в электронной форме, где информация предоставлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством ЭЦП, должна квалифицироваться как электронный документ. В соответствии с п. 16 ст. 1 Закона РК «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» ЭЦП определена как

«набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания» [6]. Сам процесс получения ЭЦП возможен посредством электронного правительства Республики Казахстан, при этом каждый гражданин имеет свой индивидуальный ЭЦП. Также в соответствии с типовым законом ЮНСИТРАЛ «Об электронных подписях», целью которой является сделать возможным и облегчить использование электронных подписей путем установления критериев технической надежности, определяющих эквивалентность электронных и собственноручных подписей, который, в свою очередь, может помочь государствам в создании современной, согласованной и взвешенной законодательной базы для эффективного решения вопроса о правовом режиме электронных подписей и придания определенности их статусу, определено, что «электронная подпись» означает данные в электронной форме, которые содержатся в сообщении данных, приложены к нему логически ассоциируются с ним и которые могут быть использованы для идентификации данных и указания на то, что подписавший согласен с информацией, содержащейся в сообщении данных [7].

Таким образом, электронная цифровая подпись имеет юридическую силу наравне с традиционной подписью (собственноручно подписанной), которая фиксирует факт волеизъявления субъекта гражданских правоотношений.

На сегодняшний день электронные сделки

не являются феноменом, отсутствует лишь их законодательное определение. Ввиду своей равноценности к письменной форме сделки положения об электронной сделке вытекают из положений письменной формы сделки, что, в свою очередь, в некоторых аспектах имеет отличия. Письменная (традиционная) форма сделки на сегодняшний день уступает электронной форме в части экономии времени, так как не требует фактического присутствия для собственноручного подписания документа, поскольку технические средства коммуникации позволяют быстро и эффективно заключить сделку в разных уголках страны. Безусловно, основным условием действительности сделки является свобода волеизъявления лица. Поэтому воля и волеизъявление является основополагающим условием действительности и самой сутью сделок, а формы сделок являются способом выражения воли лиц, которые намерены заключить сделку. А способ выражения воли при электронных сделках отличается от письменной формы сделки. В связи с этим определено, что определение воли и волеизъявления, выраженные через электронные средства связи, имеет свои особенности в правовом регулировании, так как не всегда полноценно ясно, та ли сторона договора намерена заключить сделку, либо это иное лицо выступает от другого имени.

**Г. НУРАХМЕТОВА,
к.ю.н., доцент кафедры
гражданского права,
гражданского процесса
и трудового права юридического
факультета КазНУ
имени аль-Фараби**

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

Международное информационное агентство «Kazinform» URL: https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-vystupil-s-videoobrascheniem-kuchastnikam-foruma-digital-almaty-2021_a3749648

Электронная форма сделки и цифровые права: Учебное пособие / Т. Э. Зульфугарзаде, А. Ш. Габараев. - Москва: РЭУ им. Г.В. Плеханова, 2022.- 143 с.

Гражданское право: учебник: в 4 т./отв.ред. Е.А. Суханов. -2-е изд., перераб. и доп.- Москва: Статут, 2019. – С. 385

Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.09.2024 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061&show_di=1

Крысанова Н.В. Электронные сделки в гражданском праве. //Государство и право в новой информационной реальности. 2018. С. 216-225

Закон Республики Казахстан от 7 января 2003 года № 370-II Об электронном документе и электронной цифровой подписи (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.01.2025 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1035484&show_di=1

Типовой закон ЮНСИТРАЛ об электронных подписях (2001 год)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30021646

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТЫҢ РЕФОРМАНЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Сыбайлас жемқорлық – жұмыс орнын немесе билікті, сенімді, теріс пайдалану болып саналады. Қоғамның моральдық-адамгершілік негіздеріне деструктивті әсері ерекше алаңдаушылық туғызады. Өйткені, адамзат тарихында табиғи түрде дамыған құндылықтар бұрмаланып, мазмұны бұзылады. Сыбайлас жемқорлық «соғұнпреже» латын тілінен аударғанда «сыбайлас жемқорлық» деген қорқынышты сөзбен анықталады.

Мемлекеттік қызметтің барлық жүйесін түбегейлі реформалап, қарапайым адамдардың да, мемлекеттік қызметшілердің де санасын өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан, осы ойымызды ғылыми тұжырым, философиялық ой тұрғысынан «қоғам, мемлекет, билік, адам құндылығы, құқықтар, ар-намыспен қадір-қасиет – тазалықты, ал сыбайлас жемқорлық құқықтық нигилизм, құқықтық сананы жайған торына түсіріп, зұлымдықтың шырмауымен шатастырған ластық» деген сараптамамен түйіндеген дұрыс.

Қоғамдағы сан алуан өзгерістерге заңғылымының ғалымдары ретінде қарап, баға беріп, ұсыныс айтуды парыз санаймыз. Мемлекетіміз Тәуелсіздік алған сәттен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі қазақстандық қоғам мен мемлекеттегі аса маңызды мәселелердің бірі болып саналғандықтан «Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» негізгі құндылықтар болып жарияланған. Қазақстандағы қоғамдық-саяси, құқықтық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірді түбегейлі өзгертіп, қайта құру кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерінің айрықша маңызы бар. Табиғи құқықтар заңнамалық тәртіппен танылады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін мақаламызға танымал ғалым Расма Карклинстің кітабынан

алынған деректерге ғалым ретінде дәйектеме келтіріп сабақтасақ оқырман қажетіне жарары анық. «Табиғи құндылықтар әлі нақты құбылыстарға айналған жоқ. Сондықтан, сыбайлас жемқорлық бүкіл ел бойынша «шеруін» жалғастыруда. Дегенмен, сөз жүзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу және енгізу соңғы онжылдықта өте белсенді жүргізілуде. Бірақ, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендемейді. Оның көп қырлы қаупі мемлекеттің имиджіне, барлық деңгейдегі беделіне нұқсан келтіріп, әсер етеді».

Расма Карклинс өзінің «Бұған жауап беретін жүйе: посткоммунистік елдердегі сыбайлас жемқорлық» кітабында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қауіпті әсерінің жоғары деңгейін анықтады, «бұл қолданыстағы жүйеден көңілді қалдырады және революцияның қозғаушы күштерінің біріне айналады».

Адамдардың өмірі дәрменсіздік пен өзін-өзі қорлау, үмітсіздік сезіміне толды. Сондықтан, қазір біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бұрынғы әдістері тиімсіздігін, ел күтетін нәтиже бермейтінін түсіну керек.

Мемлекеттік қызметтің бүкіл жүйесін түбегейлі реформалаудың шұғылдығы, тез арада жүзеге асыру қажеттілігі – жалпы адамдардың, әлбетте қоғам мүшелерінің де, мемлекеттік қызметшілердің де санасын өзгерту қажеттілі-

гі туындап отыр. Азаматтарда құқықтық білімі, күнделікті өмірдегі мінез-құлық стандарттарын қалыптастыру процесі баяу, бірақ, оны жандандыру керек. Бала мектепте, кітапханада, дүкендерде, қоғамдық көлікте, көшеде және т.б. құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың белсенді қатысушысы болады. Шындығында, ол құқықтық қатынастар жүйесіне субъективті заңды құқықтардың тасымалдаушысы ретінде енгізілгенін түсінбейді, оған оның құқықтарын сақтауға заңды міндетті тұлғалардың шексіз саны сәйкес келеді. Мұғалімдердің өздері де, ата-аналары да білер, білмес. Дәл осы жастан бастап заңның игілік ретіндегі идеясы, білім беру, денсаулық сақтау, олардың қадір-қасиетін қорғау құқығының құндылық маңыздылығын түсіну, мемлекеттік билік кепілдік беруі керек. Бұл деңгейде адам мен азаматтың өмірлік құндылықтарын түсіну негізінде тұлғаның дамуымен құқықтық санасының негізі құрылуы керек.

Алайда, біздің елімізде оқушыларға құқықтық білім беру мәселелерінде тиісті түсінік таба алмаймыз. Дегенмен, бұл олқылықтың орнын толтыру тәсілі табылып, өмірге енгізу әрекеттері жасалған еді. ҚазМҚА-да құрылған және өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан 2008 жылға дейін жемісті жұмыс істеген «Street law Kazakhstan» қоғамдық ұйымы 1-сыныптан 10-сыныпқа дейін «Құқық негіздері» бойынша оқулықтар жазу бойынша орасан зор жұмыс атқарды. Бұл оқулықтар түрлі-түсті безендіруге арналған ресми оқулықтардан түбегейлі ерекшеленді. Әр жасқа қажетті өмірлік маңызды құқықтарды, міндеттерді, тыйымдарды, бостандық шектерін бейресми түрде баяндады. Бұл ұйым жетекші ғалымдардан, заңгерлерден, тәжірибелі мұғалімдерден (білім беру саласына енгізу бойынша) жақсы пікірлер мен ұсыныстар алғанына қарамастан, Білім министрлігі оқу үдерісіне қоспады. Сөйтіп, он мыңдаған оқулық мектеп кітапханаларына таратылды. Ұйым өзінің өмір сүру кезеңінде мектептерде көптеген оқыту және дамыту сабақтарын, шеберлік сыныптарын, семинарлар мен конференциялар өткізді, осылайша мұғалімдердің қазіргі заманғы құқықтық тәрбиесі мен құқықтық білім беру модельдерін құрды. Қазіргі мектеп түлектерінің басым бөлігінде мемлекет пен құқық, адамның

басты құндылықтары, оның ішінде ар-намыс пен қадір-қасиет туралы нақты түсініктер жоқ. Бұл шындық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағытын анықтауға қатыссыз, бірақ, оның алдын алуға, яғни, оның себептері мен жағдайларына әсерін тигізеді.

Біздің елімізде мемлекеттік органдар жүйесін қайта құру үшін қызметкерлердің моральдық-адамгершілік, құқықтық санасын түбегейлі өзгерту керек. Демократиялық елдерде мемлекеттік қызметке орналасуға рұқсат берудің негізгі критерийлері кәсіби біліктілік пен жеке тұлғаның беделі болып табылады. «Мемлекеттік қызметші» ұғымының өзі оның қажеттіліктеріне сәйкес халықтың игілігі үшін қызмет етуі және оның үміттерін ақтауы керек екенін көрсетеді. Олардың қызметінің ажырамас қасиеттері мемлекеттің негізгі құндылықтары туралы толық хабардар болуы, мәні мемлекеттік органдардың бүкіл жүйесін түсіну, тану және кепілдік беру болып табылады. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың сөздерінде кәсіби, саяси бейтарап және беделді мемлекеттік қызметтің қалыптасуы бірнеше рет көрсетілген. Өзінің сайлауалды бағдарламасында «Әділ Қазақстан – барлығына және әрбір адамға арналған. «Қазір және мәңгі» ол «біз – мемлекет үшін адам емес, адам үшін мемлекет» формуласын берік ұстанамыз» деп мәлімдеді, «адамдар бос декларациялар мен жарқын болашақтың шексіз презентацияларынан шаршады. Азаматтар мемлекеттік органдардан өз уәделерінің бейресми нақты орындалуын күтеді».

Мемлекет басшысы осындай бағыт-бағдар беріп отырғанда мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабын теріс пайдалануы заң талаптарын бұзуы адами құндылыққа жата ма?! Заңдарға сілтеме жасай отырып, мемлекет қаражатын жымқыру ше. Түптеп келгенде соның барлығы сыбайласқан жемқорлыққа тіреледі. Сол жемқорлығыңыз адам қолымен, миымен істелетіндіктен адами құндылықпен өлшенеді десек, халықты билік көзі және табиғи құқықтардың тасымалдаушысы ретінде анықтау қоғамның мүдделерін танып-қорғау, құқықтық заңдардың маңыздылығын түсіну негізінде адамдардың бірлескен өмірінің әділ жағдайларын анықтау арқылы мемлекеттің қоғамдық келісімге қол жеткізуіндегі формальды ғана емес, саналы лейтмотив болуы керек.

Сондықтан, мемлекеттің әлеуметтік даму деңгейін анықтаудың негізгі критерийлері адам құқықтары болып табылады. Біз оның өмір сүруінің нақты табиғи шарттарын, өмір сүру сапасы мен әр азаматтың қадір-қасиетін түсінеміз. Адам құқықтары жөніндегі белгілі бір жұмысқа қарамастан, қазіргі уақытта біздің елімізде халық арасында адам құқықтары институтының мәні мен мақсаты туралы түсінік жоқ. Қарапайым адам әлі күнге дейін өз құқықтарын іске асыру тетіктерін білмейді. Ал заңнаманы азды-көпті түсінетіндер құқықтық білімінің жеткіліксіздігіне, кәсіби біліктілігінің төмендігіне қарамастан қызметтік міндеттерін асыра пайдалануда. Ащы болса да бұл ақиқат адам мен азаматтың құқықтарын бұзатын мемлекеттік қызметшілерге тән. Мемлекеттік қызметшілер, әсіресе, халықпен тікелей байланысты төменгі буын өкілдері қоғам, мемлекет, әлемдік қоғамдастық мойындайтын және қорғайтын адам құқықтарын елемей, өрескел бұзады. Бұл туралы республиканың барлық БАҚ форматтарында айтылып та, жазылып та жатыр.

Адамның құндылығы туралы конституциялық ереже мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметінде үстемдік етпейінше, біз қоғамның тұрақтылығы мен табысты дамуы туралы айта алмаймыз. Өйткені, адам құқықтары оның игілігі, ар-намысы мен қадір-қасиетінің өлшемі болып табылады. Дәл осы құндылық идеялары қоғам мүшелерінің, мемлекеттік қызметшілердің моральдық және құқықтық санасын анықтайды және сәйкесінше олардың іс-әрекеттерінен көрінеді. Сондықтан, құқықтық нигилизмді жеңудегі, адамның игілігіне байланысты құқықтың құндылығын түсінудегі ең өзекті мәселе – шын мәнінде адами қатынастардың негізі болып табылатын адамның қадір-қасиеті ұғымын жандандыру қажеттілігі.

Жеке тұлғаның мәселелеріне, жалпы теориялық тұрғыдан адам құқықтарына, адамның қадір-қасиеті идеясына және оны жүзеге асыруға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Қадір-қасиет – бұл адамның әлеуметтік байланыстар жүйесіндегі бастапқы жағдайы. Адамның қадір-қасиеті, адамның ең жоғары құндылығын түсіну мәселесі өмір сүру, денсаулық, бостандық, әл-ауқат, әділеттілік, материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру құқығын

тану мен жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсетеді. Адамның қадір-қасиеті ұғымы субъективті құқықтардың мазмұнымен, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесімен тығыз байланысты болады. Тек осы тәсілдің объективі арқылы оның құқықтарының шынайы күйін түсінуге болады.

Құқықтық қорғалған адам конституциялық құқықтарын туғаннан бастап өзіне тиесілі және бөлінбейтін деп танылатын меншігі ретінде қабылдауы тиіс. Бірақ, күнделікті өмірде бұл құқықтар жиі бұзылады. Азаматтар қорғаудың заңды түрлерін қолданбайды. Өйткені, мемлекеттік органдардағы моральдық-адамгершілік атмосфералық жағдай заңнама шеңберінде ықпал етпейді.

Шенеуніктердің жағымсыз әрекеттері сырт адамға немқұрайлы қарауы деформацияланған құқықтық сананың көрінісі. Тәкаппарлық пен цинизмнің жиіркенішті түрлері адамның қадір-қасиетін қорлау сезімдерін тудырады.

Адамның ар-намысы мен қадір-қасиеті туралы ұғымдар мемлекет құрылғанға дейін пайда болғаны мәлім. Сонымен қатар, жақсылық пен зұлымдық, теңдік пен әділеттілік, парыз туралы тарихи дамыған идеялар пайда болды. Соның барлығы жеке адамның рухани-адамгершілік өзегін құрап, тұлғаның өзін-өзі бағалау сезімін оятады. Қадір дегеніміз, адамның іштей өзін-өзі бағалауы, ар-ожданға, жанашырлыққа, өмірлік игіліктерге қол жеткізуіне негіз болады. Бұл оның өзіне деген құрметін, жеке тұлға ретінде маңыздылығын сезінуін, кез келген өмірлік жағдайда өз принциптерінен таймай, қиындықтардан шыға білуін білдіреді. Осыған байланысты Л.К. Фортова: «Қадір-қасиет – бұл адамның рухани-адамгершілік құндылығын, автономиясын, ішкі бостандығын, егемендігін моральдық-психологиялық жағдайын, сезімдерін, тәжірибесін білдіреді. Рухани адам өзінің ішкі интеллектуалды-адамгершілік бостандығы мен рухани тәуелсіздігін өте жоғары бағалайды және қорғайды. Ол өзінің қадір-қасиетін мінез-құлықты еркін таңдау, өз тағдырын өзі шешу, өз істерін ұйымдастыру, өз іс-әрекеттері үшін жауап беру қабілеті ретінде түсінеді» деп ең толық және түсінікті идеясын жазыпты.

Мұндай қадір-қасиетке ие болған адам ешқашан абыройына нұқсан келтіруге жол бермейді. Адамның ар-намысы қоғамда үстемдік ететін тұлға адамгершілік ұстанымдарымен

жеке басын лайықты бағалатумен анықтайды. Бұл қадір-қасиеттің көрінісі және адамның қоғамға, мемлекетке сіңірген еңбегі, айналасындағыларға қабылданған әлеуметтік және рухани құндылықтары. Ар-намыс адамның өзіне деген құрметін тудыратын адами сенімі ретінде де бағаланады.

Заңмен бекітілген жоғары адамгершілік құндылықтар ретінде ар-намыс, қадір-қасиет адамға өз қабілеттеріне деген сенімділік сезімін сезінтуге, оның әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етуге арналған. Құқықтық сананың жеткіліксіздігіне байланысты ар-намыс пен қадір-қасиет ұғымдары мемлекеттік қызмет саласында және қоғам мүшелерінің едәуір бөлігінде тыйым салуға, шектеулерге жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз етуге қабілетсіз. Адамның ар-намысы мен санасында түбегейлі өзгеріс болмайынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тиімді болмайды. Сыбайлас жемқорлықты жеңу моральдық-адамгершілік және құқықтық принциптердің қалыптасқан жүйесінде ғана мүмкін болады. Қадір-қасиетке ие адамдар өздерінің іс-әрекеттерін ішкі моральдық принциптерімен байланыстырады және сәйкесінше озбырлыққа қарсы тұруға дайын болады. Өз құқықтарын біліп, заңдарға сүйене отырып, қорғана да алады. Сондықтан, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін түсіну, тану және сақтау үшін қоғамдық қатынастар жүйесінде тұрақтылық қана емес, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді әдісі болуы тиіс.

Алайда, еліміздегі заң университеттері мен заң факультеттерінде білім беруде кәсіби біліктілік төмен. Шын мәнінде, барлық заң пәндері қолданбалы сипатқа ие. Мысалы, біз мемлекет пен құқық теориясын «таза су теориясы» ретінде емес аудиториямыздың сыртқы тереңдерінен тамшылап тұрған өмір көрінісі ретінде ұсынамыз. Бұл пәннің ерекшелігі – кәсіби құқықтық сананы қалыптастырудың бастауын күнделікті кездесетін, бірақ, түсініксіз немесе қарапайым идеялары әлем туралы объективті, ғылыми негізделген біліммен толтырады.

Студенттерді әлемдік және ұлттық мәдениеттер жүйесіне интеграциялай отырып, мемлекет, құқық, қоғам және әлемдік даму тенденциялары туралы қазіргі білім деңгейіне

тең кәсіби тұрғыда ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бүкіл әлеуметтік ғылымның (философия, экономика, тарих, әлеуметтану, саясаттану және т.б.) білімін жинақтау нәтижесінде әлем, қоғам, мемлекет, құқық туралы жалпы және нақты түсініктер беретін пән. Халық – азамат, тұлға және адам ретіндегі ұғымды береді. Ол өмірдің формулалары ретінде қысқаша түрде қарастырылатын мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың мәні мен мақсатын көрсететін негізгі құқықтық категориялар мен ұғымдарды қалыптастырады. Осылайша, ол бүкіл білім беру бағдарламасын қамтитын метапәндік білім болып табылады. Олар туралы білімді игеру қазіргі кезде құқықтық білімнің жалпыға бірдей тұжырымдамалық аппаратының сөзсіз қалыптасуы, әлемнің әртүрлі құқықтық жүйелеріндегі құқықтық құбылыстар туралы идеяларды біріздендіру кезінде өзекті болып отыр.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың динамикасы жаңа қатынастар жүйесіне еруге уақыт қалдырмайды, тек іргелі білімді ғана емес, сонымен қатар, мәселені көру, міндеттер қою және оларды шешу жоспарларын құру қабілетін дереу енгізуді талап етеді. Студенттердің шындыққа сәйкес келетін шешілетін мәселелерге көзқарастары мен идеяларының кеңдігі логикалық дәйекті ойлауды дамыта отырып, мемлекет және құқық теориясы сабақтарына негізделген. Бірақ, бұл пәндер көп жағдайда өмірлік қажеттіліктерге сәйкес келмейді. Білім негізінде өз елінің мүдделерін қорғау үшін жастардың бойында шынайы патриотизмді қалыптастыру керек.

Осы түсінікпен ғана адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын сыбайлас жемқорлық көріністерінен азат әділ мемлекет құру процесінде қоғамдық даму қажеттіліктеріне сұранысқа ие мамандарды даярлауда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Күлтай БІРЖАНОВА,
Д. Қонаев университетінің доценті.
Жазира ТАРАП,
аға оқытушы, з.ғ. магистрі.
Дәриға ТАРАП,
Алматы облысы Қонаев
қалалық сотының судьясы,
з.ғ. магистрі

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ЖҰМЫСЫ

Ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыруда және жедел бағытта ақпараттық талдау жұмысын жетілдіру бүгінгі күннің негізгі бағыттарының бірі. Ол қызмет ҚР Конституциясы, Ішкі істер, құқық қорғау органдары туралы заңымен және ҚР Бас прокуратурасының бұйрықтарымен реттелген. Ақпараттық талдау қызметі ішкі істер органдары жұмысының барлық басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Нақты уақытта, нақты жерде шынайы жағдайды білмей күштік құралдарды жедел басқаруға, бағынысты құрылымдарға тиісті көмек немесе нұсқау беруге, қалыптасқан ахуалға ықпал етуге мүмкіндік болмайды.

Республикада, аймақта, қалада, ауданда әлеуметтік экономикалық және демографиялық, нәсілдік, ұлттық ахуал күрделенсе, соғұрлым ішкі істер министрлігінің жұмыс масштабы кеңейеді, яки күрделенеді. Әрине, осы тұрғыда ақпараттық талдау жұмысының маңыздылығы артады. Шынайы және толық ақпарат болмай бірде-бір басқару аппараты өзінің талдау қызметін жүзеге асыра алмайды. Кез келген басқару шешімін қабылдаудың негізділігі, тиімділігі ақпараттық талдау жұмысының жағдайына тікелей байланысты. Ішкі істер министрлігінде ақпараттық талдау міндеті Штаб құрылымына және ақпараттық талдау орталығына жүктелген (ІІМ 27 10 2011565 бұйрыққа 9 қосымша).

Осы негізде, ішкі істер министрлігінің облыстық, қалалық, аудандық басқармасының (бөлімнің) жұмыс ерекшелігіне қарай – басқармалық шешім қабылдау үшін ақпараттар тізімі ұсынылған. Бұл түсінікті жағдай, өйткені әртүрлі деңгейде қызмет саласына қарай ақпараттар бөлініп – тарамдалып кетеді, яғни, түрлі қызмет саласына



**Шамшидин АМИТОВ,
Қызылорда «Болашақ»
университетінің оқытушысы, з.ф.к.**

тарайды. Дегенмен де, жоғарыда айтылғандай, барлық ақпараттардың жинақталатын орны – Штаб. Ішкі істер министрлігінде – Штаб департаменті, Облыстық полиция департаментінде – Штаб басқармасы, қала, аудандық басқармада (бөлімде), бөлімше, топтар.

Алайда, Ішкі істер министрлігінің дербес комитеттері мен департаменттерінде, облыстық Полиция департаментінің басқармаларында ұйымдастырушылық-талдау бөлімшелері (топтары) қарастырылған. Ол бөлімшелер қызмет саласына қарай ақпараттық талдау жұмысын жүзеге асырып, Штаб құрылымдарына қажетті мәліметтер ұсынады. Осындай кешенді талдау жедел ахуалға әсер ететін әртүрлі факторларды анықтауға, криминогенді орындарды белгілеуге, әр қызмет саласының жұмысын бағалауға, ақпараттық талдау негізінде жинақталған құжаттар басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Қылмыспен күресте және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің барлық кезеңінде, болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, демографиялық процестерді толық қамтитыны барынша зерттеліп тексерілген ақпараттармен қамтамасыз етілуі тиіс. Тек қана ІІМ-нің тіркеулері және статистикалық мәліметтерімен шектеліп қою жеткіліксіз. Толыққанды ахуалды зерделеп білу үшін Бас прокуратураның, статистикалық мекемелердің, білім беру ұйымдарының, денсаулық сақтау, банк-қаржы және агро өндіріс мекемелеріндегі масштабтың кеңейтілген ақпараттарын қолдану қажет. Қылмыстылыққа қатысты ақпаратты дұрыс пайланану, тек қана онымен күрестің тиімділігін арттырып қоймай, халықты құлақтандыруға, профилактиканы күшейтуге септігін тигізеді.

Ішкі істер министрлігінің регламентінде ішкі істер органдарын басқару шешімдерін және ақпараттық талдау бағытында дайындалатын құжаттар тізімі қарастырылған. Ол қауіпті қылмыстар туралы мәліметтерді, талдау анықтамаларын, жедел ахуалды бағалауды, қылмыстылықпен күрестің өзек-

ті мәселелерін, басым бағыттарын қамтиды. Ішкі істер органдарының қызметінде аймақтық департаменттер заңдылықты сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыстылық жағдайы туралы Ішкі істер министрлігі жергілікті атқарушы органдарды үнемі ақпараттандырып отырады.

Ішкі істер органдарының аймақтық құрылымдары өзінің аумағындағы криминогендік жағдай туралы ақпараттарды толығымен білуге міндетті, сондай-ақ қалыптасқан ахуалды бағалай отырып, профилактикалық шараларды жетілдіруге, оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар келтіруі тиіс. Бұл жағдайда да барлық деңгейдегі басшылар үздіксіз шынайы ақпараттар алумен және талдау жұмысын жүргізу негізінде жасайды. Ол үшін, қызмет басшылары күнделікті криминогендік жағдайды талдауға тікелей өздері басшылық жасауы тиіс. Сонда ғана құрылым басшылығы әр буындағы өзекті мәселелерді ұғынуға және дер кезінде ден қоюға, тиісті бағыттарды жетілдіруге ықпал етеді.

Жедел қызметтік міндеттерді шешуде ішкі істер органдарының қызметін басқару түрлі деңгейдегі сұрақтарды бағалауға және терең талдауға негізделуі тиіс. Ақпараттық талдау жұмысы кешенді ұйымдастырушылық шараларды, әдістемелік тәсілдерді қамтиды. Бұл тәсілдер ақпараттарды жинауға, оларды жүйелендіруге, талдауға бағытталып, қылмыстылықтың және қоғамдық тәртіптің, ішкі істер органдарының қызметінің шынайы нәтижесін көрсетуі керек. Ақпараттық жұмысты тиімді жүргізу қалыптасқан кез келген ахуалды дер кезінде анықтауға, олар бойынша басқарушылық шешім қабылдауға септігін тигізеді.

Ағымдағы жедел жағдайды талдау нәтижесінде төтенше оқиғалар, ауыр қылмыстар, олар бойынша қабылданған шаралар жайлы қала, аудандық басқарманың (бөлімнің) облыстық полиция басшылығына, ІІМ-ге дайындалған жедел ақпарат болып табылады. Есепті мерзімдегі жедел ахуалды талдау (квартал, жарты жылдық, тоғыз ай, жыл) Ішкі істер министрлігінде, облыстық

Полиция департаментінде және қала, аудандық басқармасында (бөлімінде) жүргізіледі. Оның басты мақсаты кезеңдік ахуалды бағалау, келеңсіз ауытқуларды анықтап, дер кезінде шара қолдану. Осы негізде полиция қоғамдық тәртіппен қылмыстылықтың жағайы туралы және жедел жағдай жайлы аналитикалық анықтама ретінде құжат дайындалып, ІІО – басты ұйымдастырушылық шараларының жоспары жасалады, қажет болған жағдайда ақпарат ретінде жергілікті атқарушы органға немесе ІІМ-ге жіберіледі.

Ұзақ мерзімді ІІО қоғамдық тәртіппен қылмыстылық жағдайын жедел қызметтің нәтижелерін талдаудың мақсаты, ІІО-ры үшін тән құқықбұзушылықтың сипаты, белгілі бір тенденцияны зерттеу және анықтау. Оның негізінде уақыт бойынша әртүрлі құбылыстар факторы, оған әсер еткен себептер анықталып, шешу жолдары қарастырылады. Бұл талдаудың түрі кең көлемді ақпараттарды зерттеуді қажет етеді. Әдетте талдаудың бұл түрі Ішкі істер министрлігі мен облыстық Полиция департаментінің деңгейінде жүргізіледі. Талдаудың аталған түрлерімен қатар, кезектен тыс талдау түрін бөлуге болады. Оның қажеттілігі әртүрлі себептермен негізделеді (жедел ахуалдың күрт өзгеруі, іс шараларға дайындық). Бұл қала аудандарда бірнеше ай немесе күндерде ахуалды бағалау болуы мүмкін.

Бұл талдау түрлерін жалпы немесе кешенді деуге болады. Талдаудың мақсаттарының әртүрлі екендігіне уақытына, міндетіне қарамастан ішкі істер органдарының барлық салаларының жалпы ахуалын зерттеуге бағытталған. Жедел ахуалды Ішкі істер министрлігі, облыстық Полиция департаменті деңгейінде кешенді талдау екі бөлек әдісті қамтиды. Біріншісі – республика, облыс бойынша толық талдауы, екіншісі – қала, аудан көлемі бойынша. Кешенді талдаудан ерекшелігі – өздігінше талдау түрі қылмыстылықпен күресте және қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырудың жекелеген өзекті мәселелерін зерттеумен ерекшеленеді. Басқаша айтқанда оны жеке немесе

проблемалы деп атасақ болады. Оның қажеттілігі күнделікті басқару тәжірибесінде жекелеген өзекті сұрақтарды шешуде туындауы мүмкін. Барлық талдау нәтижесінде баяндау хаттар ұсыныстар немесе арнайы жоспарлар жасалынып, басқару шешімдері қабылданады.

Ақпараттық талдау жұмысының негізгі субъектісі – ІІО-ның штаб, ақпараттық талдау басқарамасы, бөлімдегі штаб талдау топтарының қызметкерлері кіреді. Өздерінің қызметтік өкілеттілігі шеңберінде ақпараттық талдау қызметімен ІІО-ның барлық басшылары және сала басшылары толығымен айналысуы тиіс. Ақпараттық талдау жұмысын толық қамтамасыз ету әртүрлі деңгейдегі басшылар, орындаушылар арасындағы функционалды міндеттерін дұрыс жүктеп, жетекшілік жасауға тікелей байланысты.

Жоғарыда айтылып өткендей, жедел ахуалға кешенді талдауды қамтамасыз ету үшін әрбір қызмет – өз саласы бойынша қажетті талдау жүргізіп, талдау материалдарын, кеңейтілген қорытынды талдау құжатын әзірлеу үшін Штабқа ұсынуы тиіс. Күрделі өзекті зерттеулерді жүргізу үшін уақытша жұмыс топтары құрылады. Уақытша ұйымдастырушы құрылым ретінде бұл топ қандай да бір уақыт аралығында (немесе есепті мерзім кезіңінде), талдау жұмысын және жедел ахуалды бағалау міндетін орындайды. Мұндай жұмысшы топтың басшысы ретінде Штаб қызметкері тағайындалып, оның құрамына әртүрлі сала қызметкерлері жинақталады (кадр, ақпараттық орталық, жедел тергеу, сыртқы қызмет саласы).

ІІО, облыстық Полиция департаменті аппараты үшін ақпараттық талдау жұмысын ұйымдастырушылықты қамтамасыз етудің маңызды аспектісінің бірі – талдау жұмысымен айналысатын құрылымдардың білікті мамандармен толықтырылуы. Ол қызметкерлер тек қана теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжірибесі мол, сала қызметтерін түсінетін, талдау қабілеті болуы тиіс. Осы тұрғыда құқық қорғау органдарының алдындағы үлкен

міндеттердің бірі ақпараттық талдау жұмысымен айналысатын кадрларды арнайы дайындап, оқытуды ұйымдастыру болып табылады.

Ақпараттық талдау жұмысына басшының тікелей қатысуы – ол қызметті ұйымдастыруынан, шебер басқаруынан, талдау жұмысын жеке өзі ұғынуынан, сондай-ақ, талдау тапсырмасын дұрыс қойып сұраныс жасауынан тұрады. Талдау жұмысын ақпараттық қамтамасыз ету оның негізгі міндетінің мазмұнымен тікелей байланысты. Талдау жұмысын ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың өзі негізгі үш кезеңді қамтиды.

Біріншіден, талдау функциясын әртүрлі қызметтер, құрылымдар және қызметкерлер арасында бөлу. Ішкі істер министрлігі, облыстық Полиция департаментінде талдау жұмысын Штаб және ақпараттық талдау орталығы қызметкері жүргізсе, қала-аудандық басқармасында (бөлімде) Штаб және ақпараттық талдау тобының инспекторлары орындайды. Ал күнделікті талдау жұмысын ақпаратпен қамтамасыз ету кезекші бөлімдерге жүктелген. Сол себептен де кезекші бөлімдер Штаб басқармасының құрамына кіргізілген. Екіншіден, талдау түрін қамта-

масыз ету үшін қажетті ақпараттармен, оны алудың қайнар көзі мен құралдарын анықтау. Үшіншіден, тиісті ақпаратты жинауға, өңдеуге, жүйелеуге, сақтауға жауапты қызметкерді бекіту.

Талдау функциясын нәтижелі орындаудың маңызды шартының бірі – қолданылатын ақпараттың толыққандылық талабын сақтау. Басшыларды ақпаратпен қамтамасыз ету (негізінен бірінші басшыларды), ол әртүрлі ақпарат тасушыларды ұсыну емес, алдын ала ақпараттың өңдеуден өткен нәтижелерін беруден тұрады. Шын мәнінде әртүрлі қызметкермен дайындалған талданған материалдар басшыны ақпараттық қамтамасыз етуге жатады. Дегенмен де, талдау материалдарының көлемі басшының сұраныс қажеттілігіне байланысты болады. Бұл материалдар деңгейі неғұрлым сапалы болса, ол зерттеудегі сұрақты толық және терең түсіндіреді.

Қорыта келгенде, ақпараттық құжаттар ведомстволық бұйрықтарға, басшы құрамның талабына сәйкес, әрбір қызмет саласы бойынша жеке дайындалуы тиіс. Мұндай міндетті орындау үшін жауапты қызметкер алдына қойылған тапсырманы дұрыс түсінуі қажет.

ТҮЙІН

Бұл мақалада ішкі істер органдарының қызметін ақпараттық талдаумен қамтамасыз етудің сұрақтары қарастырылған. Сонымен қатар, ақпараттық талдаудың бірқатар түріне түсінік берілген. Ақпараттық талдау жұмысымен айналысатын органдар көрсетіліп, талдау негізінде қабылданатын шешімдер жайлы айтылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы предоставления информации и анализа деятельности органов внутренних дел. Кроме того, объясняется ряд типов информации и анализа. Показаны организации, занимающиеся информационно-аналитической работой, и упомянуты решения, принятые на основе анализа.

ABSTRACT

This article considers the issues of providing the activities of internal affairs bodies with information and analysis. It also provides an explanation of a number of types of information and analysis. The bodies involved in information and analysis work are indicated and decisions made on the basis of the analysis are discussed.

ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА И АНТИКОРРУПЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

При поддержке института повышения квалификации и дополнительного образования КазНУ имени аль-Фараби и Академического комитета по направлениям и подготовки был организован курс повышения квалификации для профессорско-преподавательского состава юридического факультета с 20 января 2025 года по 31 января 2025 года на тему: «Основы права и антикоррупционная культура», организатор курса д.ю.н., профессор Ибраева А.С., объем курса составляет - 72 часа.

Курс состоит из нескольких модулей, включающих в себя теоретический, практический и аналитический методы. Курс проходит в смешаной форме (оффлайн и онлайн), что позволяет привлечь аудиторию и создать комфортные условия для обучения. Курс проводится в форме лекций, которые позволяют слушателям освоить теоретическую базу, и практических тренингов, направленных на решение поставленных задач. Благодаря сочетанию теории и практики преподаватели получили возможность изучать актуальные правовые вопросы и апробировать новые знания в рамках дискуссионной работы.

ППС кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права принимают активное участие не только как слушатели, но и выступают спикерами по актуальным вопросам гражданско-правовой науки. Доктор PhD Мырзатаев Н.Д. выступил с докладом об основных изменениях и дополнениях в Гражданско-процессуальный кодекс, принятых в 2024-2025 году. В своем выступлении он подробно разобрал ключевые нововведения, направленные на повышение эффективности судебного разбирательства, ускорение процессуальных процедур и усиление защиты прав участников судебного процесса. Участники отметили актуальность представленного

материала, а также его значимость для правоприменительной практики.

Цель программы – сформировать высокий уровень правовой культуры у обучающихся, выработать стойкие правовые убеждения и навыки относительно противодействия коррупционным явлениям.

Данная программа направлена на формирование антикоррупционной культуры, способности противостоять коррупционным правонарушениям, выработке гражданской позиции по отношению к коррупционным явлениям в обществе. Данная программа способствует развитию правовой культуры личности, навыков и умения критического анализа коррупционных явлений, изучение современных антикоррупционных подходов и практик.

Кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права выражает искреннюю благодарность организаторам курса и всем участникам за плодотворную работу, за предоставленную возможность молодым преподавателям, докторантам получить ценный опыт и расширить свои знания.

С. СУЛЕЙМЕНОВА,
зав. кафедрой гражданского права
и гражданского процесса,
трудового права, д.ю.н., профессор

ҚЫЗЫЛ АЛАҢНАН МОТОЦИКЛІМЕН ӨТКЕН ҚАЗАК

НЕМЕСЕ ӨМІРІ ӨСИЕТПЕН ӨРІЛГЕН ҰСТАЗ

Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі, Таутүрген орталау мектебінің іргетасын қалаушы әрі осындағы 40 жылдай ұстаздық қызметінің 25 жылын директор ретінде атқарып, адал да, жемісті еңбегінің арқасында көпшіліктің сыйы мен құрметіне бөленген Сәрсен Әбдіхалықовтың есімі аудан, облыс жұртшылығына жақсы таныс. Майдангер ұстаз, ҰОС-ның ардагері абыз ақсақал дәрежесіне жетіп, 2014 жылы 93 жасқа қараған шағында өмірден озды.



Сәрсен Әбдіхалықов – аудан, облысымыздың ғана мақтанышы емес, ол 1945 жылы 24 маусымда Москвада Қызыл алаңда болған ең алғашқы Жеңіс шеруіне қатысып, онда үш дөңгелекті мотоциклде (ПТР) танкке қарсы ататын қару бөлімшесінің командирі ретінде өткен (жүргізуші және көздеушісі бар) республикамыз бойынша жалғыз қазақ. Бұл шеруге көптеген соғыс құралдары мен техникаларынан өзге, 90 мотоциклде 270 жауынгер қатысқан. Жоғары басшылықтың қойған талабы бойынша Жеңіс шеруіне соғыс кезінде асқан ерлігімен және өжеттігімен жауынгерлік жорықтарда көзге түскен сарбаздар мен офицерлердің іріктеліп қатыстырылғанын ескерсек, елін, жерін фашистерден қорғауда бөлімше, кейінірек взвод командирі болған майдангер Сәрсен Әбдіхалықовтың соғыста нағыз патриоттық рухпен шыңдалып, тәрбиеленгенін аңғаруға болады.

Сәрсен Әбдіхалықов – Таутүрген ауылының тумасы. 1941 жылы 19 тамызда ол кезде Қаракемер селолық кеңесі арқылы

шақырылып, соғысқа Есік қаласынан аттанған. Содан Фрунзедегі жаяу әскерлер училищесінің кіші командирлер даярлайтын курсанты болған ол 1941 жылдың қараша айында осында жасақталған 40-атқыштар бригадасының құрамында Мәскеуді қорғауға аттанған.

Жастайынан әке-шешесінен айырылып, атасы Жапардың қамқорлығында қалғандықтан, сол кісінің өсиетімен үлкенді сыйлау, құрметтеу секілді өнегелі қасиеттерді бойына сіңіріп, жақсы азамат болып өсті. Окопта жатып өзге де жауынгерлермен ұйқылы-оюу сәл-пәл көз ілдіріп алатын шақтарда елес пе, әлде түсі ме, ақ сақалды, ақ шапанды кісі келіп: «Балам, атаңның әруағына сыйынып жүр» деп айтып, демде ғайып болады екен. Бұл жағдай бір емес, бірнеше рет қайталанған. Содан шабуылға шыққанда әркез Жапар атамның әруағына сыйынып жүрдім дегенін әкемнен талай естігем. Жапар ата 1933 жылы қайтыс болғанда 11 жастағы естияр қағылез бала кезі. Жұрт жерлеп жатқанда бір көк тасты тауып алып, зираттағы топыраққа көміп кетіпті. Әкей өте зерек әрі жады өте мықты адам болды. Өткен шақтардағы оқиғаны – жағдайларды жылы, айы, күні, тіпті, сенесіз бе, сағатына шейін, кісі аттарын да және қайсы жерде әрі қандай жағдай болғанын ілезде есіне түсіре, мүдірмей айтқанда, таңқалатынмын. Арада елу жылдан астам уақыт өтсе де, бізбен әңгіме арасында үнемі Жапар атам туралы жақсы естеліктерін айтып отыратын әкей 1980 жылдардың басында Таутүргеннің Шерікші жағындағы жермен жексен болып тегістеле бастаған ескі зираттан сол көк тасты жазбай тауып, бір мал сойып, құдайы беріп, бала-шағасын ұйымдастырып, темірден қоршау тұрғыздық.

Қан майдан қырғын соғыстан аман келуіне Жапар атамның жақсы тілеуі себепші болғаны анық. Соғыс басталған кезде кеңес солдаттары қару жетіспей, өте қиын жағдайды бастан кешкені тарихтан белгілі. Бес адамға берілгені бір-ақ винтовка. Қалтаңда оғың, қолыңда гранатаң, болды. Оққа ұшқанның винтовкасын ала сала, алға ұмтыласың. 1941 жылдың 6 желтоқсаны күні дәл



осындай жағдайда Мәскеу түбінде неміс фашистерімен болған алғашқы шайқаста қарсы шабуылға шыққан 600 солдаттан небәрі 36-ақ адам тірі қалыпты. Солардың бірі – өзі еді. Жау қапысыз жата ма! Пулеметпен оқты қарша жаудырып, шөп шапқан шалғыдай демде жайпап салыпты. Сол шабуылда шүйдеден сүре, жанай тие ары өтіп кеткен оқтан әкемді басындағы каскасы аман сақтап қалған.

– Сол шабуылда аман қалғанымыз жер бауырлап жата қалдық. Басыңды көтерсең болды, фашистің мергені қағып түседі. Содан ұзақ жатып, жер бауырлап кері шегіндік. Бір кезде дәл жанымнан ыңырсыған дауыс естіледі. Қарасам, біздің ротадағы Ислам Садықов деген өзбек жігіті. Тура тізесінен тиген жау оғынан аяғы салбырап, тек сіңірі ғана ұстап тұр.



Қаны ағып бітуге шақ қалса керек, өңі аппақ шүберектей болған Исламды тастамай, дереу белдігін беліне байлаған әкей өзінің де желкесін қан жуа, оны кері сүйреген.

– Әйтеуір әзер дегенде жотаға қарай ілби жылжығаным сол еді, жау пулемет оғының астына тағы алды. Кеш батқан кез, басымыздағы каскамыз айдың жарығына шағылысыпты. Дерев екі касканы сазды топырақпен майладым да, Исламды тағы сүйреледім. Сол сәтте қаңғып келген бір оқ оң иығыма, жауырынымның астына тигенін сездім. Мұны көрген Ислам: «Сәрсен, мен біткен адаммын. Мені тастап кет. Енді өзіңнің амандығыңды ойла» дейді ыңырси жалбарынып. Тастап кету қайда! Ақыры ілби сүйрелеп, жарқабақтың астына да жеттім-ау. Сол жерде ат-шаналы санитарлар күтіп тұр екен, Исламды соған салып жібердім. Орнымызды аппақ жылы тон киген сібірлік солдаттар басты. Мен Қазан қаласындағы госпитальда бір ай жатып емделіп, қатарға қайта қосылдым.

Осы тұста бір айта кететін жайт, 1995 жылы әкемнің өтінішімен Өзбекстанның орталық газеттерінің біріне Ислам Садықовқа іздеу салып, хат жазған едім, хабар болмады. Садықов Самархан әлде Әндижан облыстарының бірінен еді. «Әй, өліп қалған шығар. Ат-шанаға былқ-сылқ еткен жан-

сыз күйде салып еді санитарлар» деді әкей күрсініп.

– Бір күні мынадай оқыс оқиға болды, – деді әкем өткен бір жағдайды еске алып. Түнгі күзетке қойылған жауынгеріміз таңға жуық орнында болмай шықты. Сөйтсек, түн жамылып арғы бетке өтіп кетіпті. Талай күн бірге көріп жүрген өзбек жігіті болатын. Немістер жақтан «Ағайындар, мұсылман бауырлар, бері өтіңдер. Біздерді жарқын болашаққа немістер апарады» дейді радиорепродуктордан қайта-қайта саңқылдап. Сатқынға ешқандай кешірім жоқ. Әлгіні дауысынан жазбай таныдым. Немістер ара-тұра ерінде ауызбен үрлеп ойнайтын кішкентай сырнайларын тартып, кей кездері «Русь, сдавайся!» деп дауыстайтын екіара онша қашық та емес еді. Винтовкамды алдым да, радиорепродукторды дәлдеп тұрып атып салдым. Сарнап тұрған сатқынның үні өшті.

«Тура биде туған жоқ» дегендей, әкей қандай жағдайда болмасын әділдікті бетке айтатын, тура сөйлегенді ұнататын намысшыл кісі еді. Біздерді де адамгершілік асыл қасиеттерді биік ұстауға баулып, тәрбиеледі. Үлкенді үлкендей сыйлап, жасы кішілерді қадірлей білді. Осы мінезіне қатысты басынан өткен тағы бір жағдайды баяндайын.

Бұл соғыстың соңғы күндерінің бірінде болса керек. Өзі секілді бөлімше командирлері алдымен асханаға барып, өз жауынгерлеріне тиесілі столға қойылған ас мәзірін тексерген соң, саппен жауынгерлерін тамақтануға әкеліп жүреді. Сондайда столдары іргелес бір бөлімше командирінің өз жауынгерлеріне қойылған кәстрөлден барлық жылы жұмсағын теріп жеп алатын жаман қылығын бір емес, бірнеше рет байқап жүріпті де, бір күні шыдамай, бетіне айтып салыпты. «Сен неге олай істейсің! Олар да сен сияқты соғыста жүр» демей ме!

– Сонда әлгі оңбаған мені небір жаман сөздермен балағаттап, арасында «калбит» деп айтқаны намысыма қатты тиді. Содан келесі бір аста бөлімше командирлері бір столда тамақтандық та, әлгімен тура бет-бет, қарама-қарсы отырып қалыппын. Ол да тісін қайрап жүрсе керек. Ортада нан салынған темір тәрелкеге ол да жармасты, мен де жармастым. Ол ары тартады, мен бері тартамын. Не керек, қолынан темір тәрелкені жұлып алдым да, қақ шекесінен пердім кеп. Қабақтан қан су ете түсті. Жанжалдың неден шыққанынан, гәптің неден басталғанынан еш хабары жоқ қасымыздағылардың бәрі біздерге үрпиісе қарады. Оның үстіне араларындағы жалғыз қазақ мен едім. Шуды естіген батальон командирі қасымызға дереу жетіп келді. Осылай да осылай деп, мән-жайды айтып түсіндірдім. Батальон командирі де орыс ұлтынан болатын. Бұра тартқан жоқ. Менімен кикілжіңге келген әлгі орыс жігітін орнынан тұрғызды да, дереу он тәулікке абақтыға айдатты. Оның осынау сүйкімсіз қылығын қарауындағы жауынгерлері де бұрыннан сезіп, біліп жүрсе керек, бір шабуылға шыққан кезде әлгі сабазың оққа ұшты. Ажал алдынан тиген оқтан емес, артынан атқан өз жауынгерлерінен болғаны рас. Ал, менің бөлімше жауынгерлерімнің арасында өзім қатарлы жігіттер де, қырықтың ар жақ, бер жағындағы әкемдей кісілер де болды, бәрі орыс азаматтары еді. Кейде қолымызға винтовка ұстаған күйі окопта отырып қалғып кететін сәттерде жауынгерлерімнің «Біздің командиріміз өте тамаша адам. Оны қорғауымыз

керек. Оятып алмайық» деп, өзара сыбырласып сөйлесетіндерін құлағым шалып қалатын.

Ржев және Новоржев қалаларын жаудан азат етуде небір жойқын қанды шайқастардың болғаны рас. Бірақ, бұрындары құпия болды ма, білмеймін, ол туралы көп ашық айтыла қоймады. Сан мыңдаған кеңес жауынгерлері мерт болды сонда. Әкем Сәрсен Әбдіхалықов осынау қырғынға қатысқан майдангердің бірі. 1942 жылдың 24 тамызында Ржев, ал, 1944 жылдың 4 наурызында Новоржев қалаларын азат етуде жау оғынан екі рет ауыр жарақат алды. Бірі басына тисе, тобығына тиген және бір оқ оң аяғын ары тесіп өткен. Осы жарақаттардың салдарынан кейін құлағы да дұрыс естімей, денсаулығы нашарлап, 1990 жылдардың басында II топтағы соғыс мүгедегі атанды.

1944 жылдың соңында жауды шегіндіре қуған Қызыл Армия нағыз күш алып, жігерленген жауынгерлердің Жеңіс күніне жетуге деген үміттері арта бастаған шақта, командование 22 жасар әкейді Мәскеу маңындағы Ташино селосындағы мотоциклшілер даярлайтын жеке оқу полкіне курсқа оқуға жібереді. Ал 1945 жылдың наурыз айында Москвадағы Сталин атындағы академияға жолдама беріліп, курста алған үздік білімі ескеріліп, осында арнайы даярлықтан өтуге келген поляктың офицерлерін мотоциклмен жүруге үйрететін нұсқаушы болады. Академияға да кез келгенді емес, соғыста ерекше көзге түскендер асқан ұқыптылықпен мұқият таңдалып жіберілсе керек. Оның өзінде қойылған талап бойынша кеудесінде кем дегенде екі жауынгерлік наградасы болуы шарт. Әкей бұл талапқа толық сай келген. Бұл кезде «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін» наградалары кеудесінде жарқырап тұрғанды.

Қазір ойлап отырсам, Алла Тағаланың әкейдің болашағына жарқын жол ашқан тұс осы кез секілді. Жоғары командованиенің ұйғарымы бойынша аз күндерден соң Қызыл алаңда Жеңіс шеруін өткізуге деген даярлық жан-жақты асқан тиянақтылықпен басталып та кеткен. Москваның барлық көшелері адам жүрісі тыйылған түнгі сағат 12-

ден таңғы 4 аралығында күнде түрлі соғыс техникалары мен сап түзеген жауынгерлер қатыстырылған азан-қазан гүрілмен дайындық өткізіліп тұрған. Осылайша әкей 1945 жылы Мәскеуде өткен алдымен 1 мамыр, одан кейін 24 маусымдағы әйгілі тұңғыш Жеңіс шеруіне қатысты.

Ар мен намысты ту етіп ұстап, соғыста көрсеткен ерен ерліктері үшін екі рет I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Германияны жеңгені үшін» Кеңес Одағының төрт мәрте батыры Г.К.Жуков медалімен, бейбіт өмірде алған және Ұлы Жеңіске қатысты басқа да жиырмадан астам медальдардың иегері.

Қызыл алаңдағы тұңғыш шеруге мотоциклмен өтіп қатысқан жалғыз қазақ бола тұра әкейдің ешқашан да кеуде қағып мақтанғанын көрген емеспін. Қарапайымдылығы сол, менің өзім бұл туралы әбден есейгенде, тіпті, кейін білдім десем де болады. Арада елу жыл өткен соң 1990 жылдардың орта шенінде көпшілік жұрт та бұл жөнінен құлағдар бола бастады.

2015 жылы ғаламтордан ойламаған жерден 33 атқыштар дивизиясының 164 Қызыл тулы атқыштар полкі бойынша майдангер Сәрсен Әбдіхалықовтың соғыс кезінде көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін 1943 жылы 2 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі атынан берілген №178 Бұйрықпен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталғаны туралы (мұрағат құжаттарынан, «Құпия» таңбамен) құжатты кездестірдік. Наградталған 3-4 жауынгердің ішінен біздің әкейге қатысты мәтін өзгеше қызыл жолақпен бөліп беріліпті. Онда 3 ПТР взводының бөлімше командирі Сәрсен Әбдіхалықовтың 1943 жылдың 10-17 тамыз аралығында қорғаныш шебін нығайтуда бөлімше солдаттарымен күн сайынғы тапсырманы 1,5-2 есеге артығымен орындағаны, қарауындағы жауынгерлерінің тәртіпті қатаң сақтап, үнемі алғы шептен табылып жүргені баса айтылған. Сонымен қатар, Сәрсен Әбдіхалықовтың соңғы кезде 4 фашисті жайратқаны, Москва, Ржев қалалары түбіндегі шайқастарға қатысушы екені, осында екі рет жарақат алғаны жайлы да (үшінші жарақатты 1944 жылы 4 наурызда

Новоржев қаласы үшін шайқаста алғанын жоғарыда жаздық) анық жазып көрсетілген. Бұл құжат майдангер ұстаз әкеміздің мерейін асыра түсетіні хақ. Қымбат құжат бізде қазір сақтаулы.

Соғыстан 1945 жылы тамыз айында, барлық жерде күзде мектептерде сабақтың басталуына байланысты жоғары жақтың тиісті ұйғарымына сәйкес, мұғалімдер түгел дерлік әскерден ертерек босатылған. Соғысқа шейін Түргендегі педучилищені үздік оқып бітірген, екі тілде жатық сөйлейтін әкей осы лекпен келген соң алдымен ұжымшарда шамалы уақыт хатшылық қызмет атқарып, содан соң Таутүргендегі мектепке мұғалімдік қызметке ауысады. Жұмыстан қол үзбей жүріп, сол кездегі Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазір университет) тіл-әдебиет факультетін сырттай үздік оқып бітірді. Қатардағы мұғалімнен мектеп директоры қызметіне дейін көтеріліп, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға барынша еңбегін сіңірді. Сол үшін де аудан мен облыстың түрлі басшылығы тарапынан алған марапаттары мен мақтау қағаздары жетерлік. Тіпті, 1978 жылы мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын, оқу үрдісін жоғары талап деңгейінде жүргізіп, аудан көлемінде үздіктер қатарынан көрінгені үшін облыстық білім басқармасының басшылығы мектеп директоры ретінде жеке өз атына Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлығын тапсырды.

Іскер, жауапкершілікті жете сезінетін азамат ретінде аудан, облыс басшылығының назарына ерте ілікті. Айталық, 1949 жылы небәрі 27 жасында Түрген селолық округы бойынша депутат болып сайланды. Белсенді де, беделді халық қалаулысы атанды. Сөйтіп, бұл қоғамдық жұмысты қайта сайланулары арқылы 1975 жылға шейін, 26 жыл бойы атқаруы – халық сенімін ақтағандығының бір белгісі. Таутүрген елді мекеніндегі ескі мектептің орнына 1964 жылы екі қабатты жаңа ғимарат, зәулім клуб бой көтерді. Пошта жұмыс істей бастады. Ауылға таулы Төрежайлау, Тескенсу жақтан су құбырлары тартылып, тұрғындар ауыз су тапшылығынан біржолата құтылды. Монша

жоқ еді, ол да шешімін тапты. Қазір әр үйдің жеке-жеке өз моншасы бар деуге болады. Ауыз суды да үйлерінің ішіне тартып алған. Айта берсек, күрмеуі шешілмеген көп мәселеге депутат әрі шын жанашыр тұрғылықты жан ретінде білек сыбана араласып, небір жақсы істердің басы-қасында жүрді, жаңа игілікті бастамалардың ұйымдастырушысы ұйтқысы болды. Бұл тұрғыда ауылдың бетке ұстар белсенді азаматтары Ұйқасбай Дәулетияров, Әбілдә Бөркеев, агроном Әбдіхани Жайлаубаев, Сайызбек Өтежанов, Халық Сегізбаев, Сұлтан Өтежанов секілді ауылдың бетке ұстар белсенді азаматтары да ақылға-ақыл қосып, қай кезде де халық қалаулысы әкейдің қасынан табылған.

Төңірегін биік таулар қоршаған Таутүрген өңірінің табиғаты тым сұлу да, көркем. Жеміс ағаштарының түр-түрі әрі дәрілік шөптердің алуан түрі көп өседі мұнда. Осынау әсем көрінісімен көз тартып, сырттан келушілерді таңқалдырып, қызықтыратын боз кілемдей құлпырған бейнесін қорғау, сақтау, бүлдірмей әспеттеу керектігін оқушы жастардың санасына да жиі-жиі айтып, сіңірді. Ықпалды істердің арқасында 1950 жылдары күллі ауыл жұртшылығы жұмылып, ұжымшар мүшелері болып, Таутүргеннің таулы аймақтарына 360 гектар жерге алма ағаштарының (негізінен апорт, райка, тас алма сорттары) көшеттері отырғызылды. Бұл жұмысқа мектептің ересек балалары да қалыс қалмай, қатыстырылды. Өйткені, ересектермен бірге жүріп, жастар еңбектің дәмін татып өссін, көрсін, осынау қажырлы еңбекті ертеңгі күні бағалайтын, табиғатты аялайтын болсын деген мақсат болды үлкендерде. Сонымен қатар, тау шатқалдарында жабайы алма ағаштары көп өсетіндіктен, әрі тамырлары мықты болғандықтан, олар екпе алма ағаштарының бұтақтарымен жаппай будандастырылды. Айтқандай-ақ, арада көп уақыт өтпей олар тез күш алып, өркен жайды, жемісін берді. Бір қызығы, будандастырылған мұндай ағаштардың жарты бөлігінде апорт алмасы самсып тұрса, ал

екінші жағында тас алма немесе райка өсіп тұратын. Көктем айларында тау-тас дейсің ба, бұл өңірдің түгел аймағындағы ағаш, өсімдіктері жаппай гүлдеген шақта, әдемі көрініс аспанмен астасып, құдды бір ақұлпа қар жамылғандай кейіпке түсетінін қайтерсің! Бұған қалайша тамсанбассың!

Өмірі өсиетпен өрнектелген әкей өлең де жазды. Суырып салма ақындығы да бар еді. Өлеңдерінің дені тәрбие, тағылым, табиғат тақырыптары болды. Жастау кезінде талай байқағам, ән-биді жақсы көрді. Екі тілде бірдей сөйлейтін шешендік қасиет те бойына дарыған болатын. Жиын-отырыстарда абыз ақсақал ретінде беретін батасы біріне-бірі ұқсамайтын әрі терең мағыналы болып келетін. Осы қасиетін білетін көпшілік «Сәрсен атаның батасын тыңдайық!» деп отыратын-ды.

2022 жылы Таутүрген ауылының мектеп ұжымы басшылығының ұйымдастыруымен майдангер ұстаз, абыз ақсақалдың туылғанына 100 жыл толуына орай «Өсиетпен өрнектелген өнегелі өмір» деген тақырыпта аудандағы үш мектеп оқушыларының арасында өзара мәдени-спорттық шара өтті. Жазған жырлары оқылды. Жеңімпаздар кубок, сувенирлермен марапатталды. Қызыл алаңдағы тұңғыш шеруге мотоциклмен өтіп қатысып, маңдайы жарқыраған майдангер Сәрсен Әбдіхалықов бейбіт өмірде алдына үлкен мақсат қойып, табандылығының арқасында зор табыстарға жетті. Еліне осылайша еңбегін сіңірді. Бүгіндері ел-жұрты есімін қастерлеп отыр. Өнегелі өмірі, адами асыл қасиеттері кейінгі ұрпаққа үлгі болуда. Мен Әкемді әркез мақтан тұтам. Рухына мың мәрте тағзым етемін!

Марат ӘБДІХАЛЫҚ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Бауыржан Момышұлы атындағы
«Батыр шапағаты» және «Отан патриоты» медальдарының иегері
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

**Адам нәсілін жер бетінде баяндап
тұрған бірден бір күш
– мейірім мен рахым ғана.**

Ә.КЕКІЛБАЕВ

Қазіргі кезде әлеуметтік кәсіппен шұғылдану үрдіс алып келеді. Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекет тарапынан қажетті қолдау тауып отыр. Дейтұрғанмен, әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлерге әртүрлі қиындықтар мен кедергілер жетеді. Статистикаға сүйенсек, кәсіпкерліктің бұл түрімен көбінесе нәзік жандар айналысады. Себебі, кәсіпкерліктің бұл түрі жоғары деңгейдегі адами мейірімділікті, адалдықты, қажырлылықты қажет етеді. Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заңның 232-1-бабында әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау тетіктері айқын көрсетілген. Бұдан басқа осы кодекстің 93-бабында жеке кәсіпкерлікті мемлекеттің қолдауы кеңінен насихатталады. Алайда, іс жүзінде осы қолдау түрлері өз деңгейінде барлық кәсіпкерлерге тең көрсетілмейтінін осы салада жүргендер жасырмайды. Мысалы, әлеуметтік жұмыс орнының бизнес жүргізу амалы өзге кәсіпорындардан ерекше. Олай дейтініміз, кәдімгі бизнес табысқа негізделген, не өндіретінін, қалай сататынын алдын ала біледі. Оларда әлеуметтік бағыт жоқ. Ал әлеуметтік кәсіп әлсіз топтарға бағытталған. Кәсіпкер кафе ашса, кәсіби емес қызметкерлерді жұмысқа алмайды. Ал әлеуметтік кәсіпкер қызметкерді оқыту үшін төрт ай күтеді, бұл кезде жұмысшы өндіріске пайда әкелмейді.

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау үшін салық заңнамасында бірқатар ынталандыру шаралары қарастырылған. Мысалы, мүгедектігі бар қызметкерлер саны 51 пайызды құрайтын ұйымдар корпоративтік табыс, әлеуметтік және жер салығынан босатылған, мүлік салығын есептеу кезінде жеңілдіктер

бар. Статистикаға сенер болсақ, Қазақстанда 600-ден астам әлеуметтік кәсіпкер тіркелген. Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау үшін заң қабылданды. Бірақ, кәсіпкерлер өздеріне жасалған жеңілдіктер туралы біле бермейді. Әсіресе, өңірлерде кәсіпкерлер өзіне тиесілі преференциялар туралы аз біледі. Сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік қолдау құралдары көп емес. Осыған байланысты Атамекен ҰҚП жанынан әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қосалқы комитет құрылған. Әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы, әлемдік тәжірибе туралы, сондай-ақ, қосалқы комитет алдында қойылған жұмыстар, саланы дамыту жоспары туралы мәліметтер береді.

Қоғамдағы әлеуметтік кәсіпорындар – азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған. Демек, көмектесу, экологияға қамқорлық жасау, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы адамдарға жұмыс орындарын ұсыну – әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі тетіктері саналады. Әлеуметтік кәсіпкерлерге арналған арнайы тізілім бар. Осы тізілімге кіру арқылы әлеуметтік кәсіпкер мемлекеттен арнайы жеңілдіктер алады. Қазақстанға әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ұғым шетелден келген. Бізде бұл бағыт жаңа, жас тренд. Мысалы, осы бағыттағы лидер елдердің бірі – АҚШ. Зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы мемлекеттің қолдауына тікелей байланысты. Мемлекеттің өзі осы бағыттың дамуына мүдделі болуы керек. Өйткені, біз экономиканы дамытып, әлеуметтік мәселелерді шешеміз. Бұған Израильді жақсы мысал қыла аламыз. Бұл елде тиімді қолдау бағдарламалары, әлеуметтік жобаларды дамыту үшін арнайы бағдарламаларды әзірлейтін ірі кәсіпкерлер мен кәсіпорындар бар. Сондықтан, шетелдік әріптестерімізден әлі де көп нәрсе үйренуіміз керек. Шет елдерге

барып, олардың тәжірибесін бізде қолдануға болатын тәжірибе алмасу бағдарламалары бар. Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау үшін жеңіл пайызбен қаржыландыру, кәсіп бастауға орынжай беру, жұмыспен қамту бойынша өтемақылар немесе белгілі бір бағдарламалармен грант беру бойынша жобалар қарастырылған. Алайда, көптеген преференция әзірге тек жоспарларда ғана жүзеге асырылып жатыр, іс жүзінде нақты әлеуметтік қолдау әлі де қажет екенін кәсіпкерлер ортаға салып отыр.

Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мақсатында елімізде әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін ілгерілетуге назар аударылуы тиіс. Осы орайда әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелері бойынша заңдар қабылданып жатыр. Бұл әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың нақты анықтамасы мен бағытын қалыптастыруға, қандай да бір кәсіпорынды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісіне жатқызу критерийлерін айқындауға, мемлекеттік қолдау шараларын жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа осы мәселе бойынша әр түрлі форумдар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы және мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам болады және әлеуметтік кәсіпкерлік мәселесін белсенді ілгерілетуге ықпал етеді. Десекте, бұл заң барлық деңгейдегі әлеуметтік кәсіпкерлерге толыққанды қызмет көрсетіп жатқан жоқ.

Соңғы кездері бүкіл әлемде әлеуметтік кәсіпкерлікке ден қойғандар қатары артып келеді. Қазақстан Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев осыдан бірнеше жыл бұрын мемлекеттің бірқатар функцияларын үкіметтік емес секторға беру туралы ұсыныс айтқан болатын. Әлеуметтік кәсіпкерлік жеке категория болмағандықтан, бизнестің бұл түрін сипаттайтын нақты статистика жоқ. Тек өткен жылы Gladway әлеуметтік бағдарламалар мен медиажобаларды дамыту қоры мен SAP ТМД компаниясының бірлескен зерттеу жобасы аясында Қазақстан мен Ресейдегі әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының таралуы зерттелген.

Ең алдымен, біз әңгімемізге арқау етіп алған ұғым кәсіпкерліктің бір формасы болғандықтан, ол пайда табуға негізделетінін ұмытпаған жөн. Бұл оның қайырымдылықтан айырмашылығын айқындап береді. Өйткені, қайырымдылық пайда табу

мақсатынсыз, жобаға салған ақшасы мен көмегі қайтарымсыз негізде жүретін мүлде бөлек категория. Әлеуметтік кәсіпкерлік көбіне, қоршаған ортаның экологиялық ахуалын жақсарту, абақтыдан шыққан азаматтарды қоғамға бейімдеу, балалар демалысын тиімді ұйымдастыру сияқты қоғамда шешімін таппай, қордаланып қалған мәселелерді шешуге жұмыс істейді. Дәстүрлі әдістерге қарағанда, мұнда көбіне «әлеуметтік инновациялар» қолданылады.

Жұмыс берушілер бірінші, топта тәжірибесінің аздығы, екіншісін, кәсіби біліктілігінің сай келмегендігі үшін таңдамауы мүмкін. Бірақ, алғашқыларына экономикалық белсенді халық қатарын толықтырып, болашағын қамтамасыз етуге, соңғысына зейнетке шыққанға дейінгі он шақты жылында табыс табу мүмкіндігінен айырылмау үшін жұмыс керек. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту осындай көп мәселенің шешімін тауып, мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға көмектеседі. Сондықтан, осы салаға жаңа кәсіпкерлік субъектісінің көптеп қосылуы үшін оларға салықтық жеңілдіктер, жергілікті әкімшілік тарапынан инфрақұрылым, мекеме беру сияқты мемлекеттік қолдау шараларын қалыптастыру қажет.

Қазақстанда мемлекет пен бизнес тарапынан әлеуметтік кәсіпкерлік табиғатын түсінбеу, идеяны заңнамалық және әкімшілік өркендету қиындықтары баршылық. Түйткіл әлеуметтік кәсіпкерлікті үйлестіретін құрылым механизмінің жоқтығында, бизнестің әлеуметтік бастамаларын жүзеге асыруға қаржы қаражатының тартылмауында болып отыр. Қоғамда әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізу арқылы әлеуметтік түйткілдер, сондай-ақ, коммерциялық мәселелер шешіледі. Мәселен, Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлік Жалпы ішкі өнімнің 10%-ға жуығын береді. Қазақстандағы жағдай мүлдем басқаша. Аталмыш механизмді іске қосу үшін, заңнамаға сәйкес өзгертулерді енгізіп, оған қажет инфрақұрылымды жасақтау қажет. Әлеуметтік кәсіпкерлік механизмдерін қайда қолдана алатынымызды, мемлекеттің одан не алатынын білуіміз керек. Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекетке тиімді, ол бюджет шығынын қысқартып, салмақты міндеттерді шешуге көмектеседі.

Б.АҚЫШЕВ,
Алматы қаласы Заң колледжінің
оқытушысы педагог-зерттеуші

ПРИМЕНЕНИЕ АНАЛОГИИ ЗАКОНА ПРИ СОВЕРШЕНИИ ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСИ

Как известно, по инициативе экс-председателя Верховного Суда Жакипа Асанова законодателем предпринят ряд шагов, направленных на оптимизацию судебной нагрузки.

В частности, Законом от 21 января 2019 года № 217-VI ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления защиты права собственности, арбитража, оптимизации судебной нагрузки и дальнейшей гуманизации уголовного законодательства» значительно расширен перечень бесспорных требований, по которым производится взыскание на основании исполнительной надписи.

Указанное нововведение позволило судам гражданской юрисдикции сосредоточить усилия исключительно на рассмотрении и разрешении реальных споров. Однако передача ряда требований от судов к нотариусам неизбежно повлияла на рост количества гражданских дел, связанных с оспариванием исполнительных надписей.

В связи с чем во втором полугодии 2021 года Верховным Судом проведено обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об отмене исполнительных надписей нотариусов за 2019–2020 годы и первое полугодие 2021 года.

В целом проведенное обобщение способствовало формированию единообразного подхода к рассмотрению судами дел, связанных с оспариванием исполнительных надписей, но создало судам некоторые новые трудности при отправлении правосудия.

Однако некоторые положения, касающиеся применения аналогии закона, привели к расхождению в судебной практике.

Верховный Суд указал, что реализация кредитором права на обращение к нотариусу за совершением исполнительной надписи оказывает влияние на течение срока исковой давности.



Хангүл ҚАЙРАТ,
магистрант Академии правосудия
при Высшем Судебном Совете
Республики Казахстан

При этом высшая судебная инстанция исходила из следующих положений:

- согласно пункту 1 статьи 183 ГК течение срока исковой давности прерывается предъявлением иска в установленном законом порядке;
- статья 5 ГК допускает применение аналогии закона.

На основании этого Верховный Суд в своем обобщении сделал вывод о возможности рас-

ширительного толкования пункта 1 статьи 183 ГК, распространив его действие на обращения к нотариусу за совершением исполнительной надписи.

В качестве примера в обобщении Верховного Суда упоминается дело по иску Кравцовой Л.Д. к Фомиченко Н.М. о взыскании задолженности. Суд кассационной инстанции, отменяя постановление суда апелляционной инстанции, указал, что обращение к нотариусу за совершением исполнительной надписи по аналогии закона (пункт 1 статьи 183 ГК) является основанием для перерыва течения срока исковой давности.

Несмотря на то, что обобщение Верховного Суда носит рекомендательный характер, суды апелляционной инстанции стали ориентировать районные суды на необходимость применения аналогии закона. Это приводило к толкованию действий по обращению к нотариусу за совершением исполнительной надписи как действий, которые прерывают либо приостанавливают течение срока исковой давности.

Например, суд апелляционной инстанции, оставляя в силе решение суда первой инстанции по делу ТОО «Коллекторское агентство «Департамент взыскания долгов» к Ахметжановой Б.С. о взыскании задолженности (постановление от 17 октября 2023 года), указал: «Доводы жалобы истца касательно истечения сроков исковой давности являются ошибочными, поскольку, как правильно указал суд, эти сроки в связи с обращением за исполнительной надписью к нотариусу были прерваны».

Однако практика изменилась после того, как Верховный Суд в феврале 2024 года по конкретному делу высказал иную позицию.

Так, по иску ТОО «Коллекторское агентство «MEMOCollect» к Маненовой К.М. о взыскании задолженности Бостандыкский районный суд города Алматы 24 августа 2022 года отклонил заявление ответчика о применении срока исковой давности, сославшись на то, что обращение истца к нотариусу за совершением исполнительной надписи прерывает течение срока исковой давности. Данное решение 26 октября 2022 года было поддержано апелляционной инстанцией Алматинского городского суда.

Кассационная инстанция Верховного Суда в постановлении от 15 февраля 2024 года указала, что такие выводы судов первой и апелляционной инстанций являются ошибочными. Верховный Суд отметил, что пункт 1 статьи 183 ГК четко определяет исчерпывающий перечень оснований для перерыва срока исковой давности: предъявление иска в суд, заключение

договора о медиации, а также действия должника, свидетельствующие о признании долга. Обращение к нотариусу за совершением исполнительной надписи в этот перечень не входит.

Кассационная инстанция также подчеркнула, что установленный пунктом 1 статьи 183 ГК перечень оснований для перерыва срока исковой давности не может быть расширен или изменен по усмотрению сторон либо на основании расширительного толкования.

После этого районные суды начали придерживаться новой позиции.

Так, решением Кызылординского городского суда от 7 марта 2024 года отказано в удовлетворении иска ТОО «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» к Жұнайдуллаеву И.С. о взыскании задолженности. Суд первой инстанции указал, что срок исковой давности истек, а обращение к нотариусу за совершением исполнительной надписи не прерывает и не приостанавливает его течение.

Вместе с тем удивила позиция судебной коллегии по гражданским делам Кызылординского областного суда, которая 29 мая 2024 года, отменяя вышеуказанное решение и удовлетворяя иск, указала: «Согласно пункту 4 статьи 6 ГК в случае отсутствия норм права, регулирующих спорные правоотношения, суд применяет нормы права, регулирующие сходные отношения, а при отсутствии таких норм, разрешает спор исходя из общих начал и смысла законодательства Республики Казахстан. Эти положения гражданского законодательства судом первой инстанции не были учтены. Судебная коллегия считает, что действия истца по своевременному, основанному на законе обращению к нотариусу за выдачей исполнительной надписи, являются основанием для прерывания срока исковой давности».

Вероятно, указанная позиция Кызылординского областного суда является исключением из новой судебной практики, по крайней мере, в это хочется верить.

Необходимо отметить, что вышеуказанное обобщение на какое-то время дезориентировало суды первой и апелляционной инстанций.

Последняя же четко обозначенная позиция Верховного Суда исключила возможность применения аналогии закона в подобных случаях, формируя более строгий подход к регулированию вопросов исковой давности.

В целях исключения подобных разночтений в судебной практике впредь представляется целесообразным закрепить вышеуказанное мнение Верховного Суда нормативным разъяснением высшей судебной инстанции.

ҮКІМ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫРЫЛДЫ

Фариза тез баюды қиялдайтын. Іздегенге сұраған дегендей, ойламаған жерден өзі істейтін сұмдық салонына кездейсоқ келіп қалған Ақмаралмен танысып, әңгімелері жараса кетті. Алғашында тұрақты клиент болып жүрген Ақмарал бұдан бірер аптада тырнақ күтімінің қыр-сырын меңгеріп, Фаризаның жанына жұмысқа кіріп алды.

Ойлары бір жерден шыққан екі бикеш, армандарын жүзеге асырып, тез баюдың айла-тәсілін тапқандай болады. Екеуінің ой-санасын: «басқалар да адамдарды түрлі алдау жолымен тірлік істеп қыруар ақша тауып жатыр ғой, біздің де қолдан келеді!» деген тәтті үміт біріктірді. «Қаржы пирамидасын» құру үшін WhatsApp-тан топ ашып, оған таныстарымызды қосайық, олар өз таныстарын тартсын. «Kaspi Bank»-тен өзіміздің шотымызды ашып, соған адамдарды ақша салуға шақырып, салған салымдарын 10 күннің ішінде 30 пайыз өсіммен, ал 30 күннің ішінде 50 пайыз өсіммен қайтатыны жөнінде уәде етеміз. Сөйтіп, тез арада байып шыға келеміз, қара да тұр!» – деді Фариза бір күні құрбысына. Содан кейін құпия қармаққа өзінің тұл жетім 18 жастағы туысын түсіруді көздеп, оны іздеп тауып алады. Қамқорлыққа зәру боп өскен қамқорлыққа әдемі сөздерімен басын айналдыра, көңілін тауып, «Kaspi Bank»-тен карта ашып, пайдалануға беруді сұрайды. Не керек, ойында түк жоқ аңғал қызды амалдап көндіреді. Осылайша, өзгенің атынан тірлік қылуға мүмкіндік алып, жетім қыздың шотын көрсетіп, әлеуметтік желіден «Қазақ, Бай бол!» деп арнайы топ ашады.

Сөйтіп қос құрбы қулықпен қылмыстық ниеттерін жүзеге асыру мақсатында, адамдарды алдап, олардан ақша жинау арқылы оңай олжа табуға қызу кірісіп кетеді. Айтса айтқандай-ақ, оңай олжаға қызығушылар аз емес екен және олардың қатары да күн сайын арта түседі. Қос құрбы ашқан есепшотқа 7000 теңге жіберген алғашқы клиент 10 күннен кейін 9100 теңге алғанын өз тобында қуана хабарлап жатты. Мұны естіген басқалар да оның соңына дүркірей ілесіп ала жөнелді. Еш қиналмай-ақ



Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі

оңай олжаға «қарық» болам дегендердің саны бірер айда 200-ден асып жығылды. Қос құрбы қулықтарын іске асыруға жедел кірісіп, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы төленген сомаларды және ақшасын алған адамдардың алғыс білдірген пікірлерін жұртшылыққа мақтана жариялап, жарнаманы үдете түсті.

Күннен-күнге ақша ағыны тасқындап түсе

бастаған соң, қос құрбы өздерінің негізгі жұмыстарын тастап, «жалған бизнестеріне» белсене кірісіп кетті. Кейінгі қатысушылардан түскен ақшаны алдыңғыларына жіберіп, дивидендтерін төлеп жымысқы ойларының жымын білдірмей жүзеге асырып жүрді. Алайда, орта білімі ғана бар, қаржылық сауаттылықтан жұрдай олар көп ұзамай күнделікті ақша ағынынан шатаса бастайды. Оның үстіне қолға алған «жаңа жұмыстарына» күнделікті ден қойып, сауатты атқаруға уақыттары да, мүмкіндіктері де болмады. Өйткені тоқтаусыз түсіп жатқан тасқынды табысқа мас болған жас ханымдардың киім сататын сәнді бутиктерді аралаудан және күнде шырылдап ұшып ән салған шегірткедей әр жаққа секіре көңіл көтеріп, қыдырудан қолдары босамады. Десек те, қос бикеш қиялдаған тәтті өмір қалай тез басталса, солай тез аяқталды. Салымшыларға үстемақы тоқтаған кезде топтың белсенді мүшелері наразылықтарын білдіреді. Көпшілігі полицияға арызданып, алаяқтарды тауып, жазалауды сұрайды. Аз ғана уақыттың ішінде шағымданушылардың саны жүзге жуықтайды.

Сол кезде қос құрбы картаны бұғаттап, SIM-карталарды жойып, байланыс аясынан тысқары шығып кетеді. Толассыз арыздарды мұқият зерттеген полицейлер шұғыл түрде іздеу жұмыстарына кірісіп, әлеуметтік желідегі «Қазақ, Бай бол!» тобы еш жерде ресми тіркелмегенін және қаражат түсіп тұрған картаның шын егесі 18 жасар жетім қыз екенін де анықтайды. Бірақ, бұл уақытта осынау шытырман қылмысты оқиғадан хабары жоқ ол қыз тұрмысқа шығып, елордаға кетіп қалған екен.

Куә ретінде Шымкентке шақыртылғанда ғана қыз өзінің аты-жөнін пайдаланып жасалған құйтырқылықтар жөнінде хабардар болды. Бірақ, оларды бірден қолға түсіру мүмкін болмады. Фариза екі баласын анасына тастап, Ақмаралмен бірге пәтер жалдап, бой тасалаған. Алайда, көптің көз жасы жіберсін бе, көп ұзамай екеуі де қолға түсті. Содан бұл іс сотқа түсіп, екі айда екі жүзге жуық адамды алдап соққан алаяқтар жазадан құтылған жоқ. Шымкент қаласының Еңбекші аудандық сотында өткен бірнеше сот отырысы барысында судья А.Орақбаева сотталушы Фариза мен Ақмаралдан оқиғаның мән-жайын суыртпақтап сұрай отырып, олардың алдын ала сөз байласуымен өткен жылғы қаңтар айында қаржылай дағдарыс мәселесін оңтайлы әрі жеңіл шешу мақсатында, Фариза әлгі жетім қыздың номерімен ақпараттық жүйені пайдаланып, WhatsApp әлеуметтік месенджері арқылы «Қазақ Бай бол» тобын құрғанын біледі. Және оған көп адамды қаржылай са-

лым жасауға жинау үшін арнайы маркетинг сөз тіркестерін пайдаланып, пайданың белгілі бір пайызы салымшыларға қайтатыны жөнінде жалған қаржылай еселендіру туралы ақпарат таратқанын анықтайды. Сонымен бірге судья істі қарау кезінде, екі бикештің «Қазақ Бай бол!» тобына қаржылай салым жасау үшін 200-ден астам адамды қосып, олардан 16 191 300 теңгені түсіріп, оны кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке тұлғалардың ақшаларын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан мүліктік пайда табу жөніндегі қызметті ұйымдастырғанын және 68 жәбірленушіге мүліктік шығын келтіргенін сот процесі барысында айқындайды.

Осылайша, жоғарыда айтылғанның барлығы жәбірленушілер мен куәлардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы және басты сот талқылауы мен сот процесінде берген жауаптарымен, сараптама қорытындысымен тағы басқа да іс бойынша жинақталған дәлелдемелердің жиынтығымен толық дәлелденеді. Соттың үкімі бойынша Фариза мен Ақмарал Қылмыстық кодексінің 217-бабы 2-бөлігінің 1), 4) тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оларға қаржы ұйымдарында қызметпен айналысу құқығынан 3 жыл мерзімге айыра отырып, 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып және ол екеуінен жәбірленушілерден жымқырған ақшаны толық көлемде өндіру белгіленді.

Аудандық соттың шығарған үкімімен сотталғандар келіспей, Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым түсіреді. Қалалық соттың апелляциялық алқасы бұл шағымды мұқият қарап, оны қанағаттандырмай, аудандық соттың үкімін өзгеріссіз, яғни, толық күшінде қалдыру жөніндегі сот қаулысын шығарады. Бұған да келіспеген олар Жоғарғы Сотқа кассациялық шағым бергенімен, кассациялық алқа шағымды зерделей келе, қараусыз қалдырады. Осылай бұл іске нүкте қойылып, лайықты жазаларын алған қос қылмыскер жәбірленушілерден олжалаған ақшаларын, оларға толық көлемде қайтарып береді. Сот шешімі орындалуымен құнды дегеніміз осы шығар!

Осыған байланысты айтайын дегенім, бұл оқиға жұрттың үстінен оңай олжа табам дейтін қара ниеттілерге ой салса екен және адамдар оңай олжаға қызығып, алаяқтарға алданбасын деймін. Дана халқымыздың «Көптің қарғысын емес, елдің алғысын алған көгереді» деген сөзін естен шығармайық, ағайын!

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Тимур МАМЫТОВ,
Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімі бастығының тәрбие және кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі:

«ПОЛИЦИЯ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУЫ ҚАЖЕТ»

– Тимур Сейітбайұлы, «Ұя жақсы, тек онда балапан боп сиясың, шықпас еді қырандар қия алмаса ұясын» деген, өскен ортаңыз, балдәурен балалық шағыңыз, ата-анаңыз туралы айтсаңыз?

– «Балалық тәтті түс қой, тәтті түс қой, түс екеш түстің өзі қақтығыс қой. Аңғармай алақаннан шашып алған, бір уыс балалығың ақ күміс қой», – деп ақын жырлағандай, балалық дәуренім Жамбыл облысының Тараз қаласында өтті. 1985 жылдың



Тимур Мамытов қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені үшін «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан Құрмет Грамотасымен, өңірімізде заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне, қылмысқа қарсы күреске, мемлекетіміз азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қосқан үлесі үшін бірнеше рет БҚО Полиция департаментінің, Жәнібек ауданы әкімінің, АПБ басшылығының Алғыс хатымен марапатталған.

келдім. Баланың тұңғышымын. Жеке кәсібін дөңгелетіп отырған шаңырағымызда екі ұл, екі қыз алаңсыз өстік. «Ғалам жайлы ға-

7 ақпанында ерлі-зайыпты Сейітбай мен Роза Мамытовтардың отбасында дүниеге

жап сырлар шертеді, ертегіні тәуір көрем мен тегі. Осы күні ойлап көрсем жасымда,

шешем маған айтпапты еш ертегі» деген ақын Жүрсін Ерманның өлеңі бар емес пе, мен керісінше, асыл әжемнің бесік жырында тербеліп, ертегісіне елітіп өскен бала болдым. Ата-әжем Молдағазы мен Мубарға айтар алғысым зор.

Каникулға шығысымен «Меркі, қайда-сың?» деп ауылға тартып кететінмін. Мал шаруашылығымен айналысатын атама қолқабыс жасап, ауылдың тірлігін бір кісідей үйреніп алдым. «Келер күн келер екен не дайындап, қараңғы қарағанмен болжай алман» деп дана Абай айтқандай, тәуелсіздіктің елең-алаң өтпелі кезеңінде қап арқалап, отқа да, суға да түсіп, күн мен желге қақталып, уақыттың барлық қиындығын, қияметін қасқайып тұрып қарсы алып, жоқтан бар жасап, отбасын асырап, сақтаған әйел-аналардың қатарында менің де анам бар. Әйтпесе «Арық атқа қамшы ауыр, жыртқық үйге тамшы ауыр» болған сонау тоқсаныншы жылдары нар жүгін көтерер «Мен» деген азаматтардың өзі шайқалып кеткен еді. Үмітін ертеңгі нұрлы күнмен байланыстырып, бізге зор сенім артқан анашымның, «жаңбыр-жаңбырдың арасында жан баққан» кезде қайсарлығымен, еңбекқорлығымен еңсесі биік шыққан, балаларына ақыл-кеңесін аямай, ешқандай таршылық көрсетпей өсірген әкемнің арқасында алаңсыз өстік.

– Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Қазір ғой ақылдың көбейіп, арманның азайғаны» деген сөзіне сүйенсек, мақсат пен ой-қиялдың бастауы болған бала кезіңізде кім болуды армандадыңыз?

– Адамның негізі балалық шақта қалыптасады ғой. Тараз қаласындағы №48 мектептің табалдырығын 1992 жылы аттадым. Болашақ маман болып қалыптасуымда оқушы жанын аялап, өз жанын аямаған ұстаздарымның өлшеусіз еңбегі жатыр. Мектепте дене шынықтыру пәнін сүйіп оқыдым. Орта мектепте білім алған соң, Шымкенттегі Суворов атындағы республикалық әскери мектеп-интернатта білім алдым. Темірдей тәртіпке, жинақылыққа, төзімділікке, ұшқырлыққа, жауапкершілікке, өзара жа-

нашырлыққа тәрбиелейтін әскери салада алған білімім мен дағдымның өмірлік мұратыма айналған тәртіп сақшысы қызметімде тигізген көмегі ұшан-теңіз. Бала кезімнен полиция, оның ішінде көлік қозғалысының қызметін қадағалайтын МАИ қызметкері болуды армандадым. Еңбекқорлық, алдыңа қойған мақсатқа жетуге ұмтылу жолындағы табандылық қасиеті адамды өзін-өзі қамшылап, алға жылжуға итермелейді емес пе?! Әскери мектеп-интернатты аяқтаған соң Б. Момышұлы атындағы Шымкент заң колледжінде оқып, «кәсіби білікті заңгер» мамандығын алдым. Ақтөбе қаласындағы қазақ-орыс халықаралық университетінің заңгер, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірдім. Жан-жүрегіммен қалаған мамандығымды игеріп, осы салада қызмет ету мен үшін әрі абырой, әрі жанның рахаты.

– Туған жеріңізден Батыс өңіріне қай жылы келдіңіз?

– 2005 жылы Батыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің жолдамасымен Жәнібек аудандық ІІБ-не жұмысқа орналастым. Бөлім басшысы Бейбіт Зиналиевтің бұйрығымен учаскелік полицей Жақсылық Жұмаевтың көмекшісі болып тағайындалдым. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қоғамдық орында қылмысқа жол бермеу міндеті жүктелетін ауыр да жауапкершілігі терең жұмысымда кәсіби тұрғыда шыңдалуыма Жақсылық Жұмаев, Нұрғали Наурызәлиев, Еркін Қуанышқалиев, Берік Төлеуов сынды ағаларымның зор септігі тиді. Берік Төлепұлы адамдармен қарым-қатынас жасау, іс-құжаттарын толтыруда өз тәжірибесін, ақылын аямай үнемі көмегін беріп отыратын. Бұдан кейін учаскелік полиция инспекторының көмекшісі, жедел кезекші, аға жедел кезекші, аудандық ішкі істер бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің аға жол және техникалық автоинспекторы, аудандық ішкі істер бөлімі мемлекеттік техникалық инспекция тобының аға мемлекеттік инспекторы болдым. Осы қызметімде

Асылхан Кәрімовтен кәсіби маман ретінде үйренгенім көп болды.

Жәнібек аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, көші-қон қызметі тобының аға инспекторы, БҚО Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының жол және техникалық инспекция бөлімінің инспекторы қызметтерін атқардым. Еңбек жолымда полиция полковниктері Төлеген Ерғалиев, Манарбек Қаташев, Асқар Әбдірахманов, Данияр Рақышев, полиция майоры Олжас Ибрайымов, полиция подполковнигі Ербол Аманғалиев пен Берік Дүйсеғалиевтің тигізген көмегі әркез жадымда тұрады.

– Лауазымдық міндетіңізге тоқтала кетсеңіз.

– Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің кәсіптік ядросын тұрақтандыру, қызметтік ұжымдарды біріктіру, жеке құрамның ішінде саламатты, моральдік-психологиялық ахуалды қалыптастыру, тәртіп пен заңдылықты нығайту, қызметкерлердің мәдениетін жоғарылату жедел-қызметтік міндеттерді сапалы шешуге жұмылдыру мақсатында жаңадан штат ашылып, 2024 жылдың 2 ақпанынан бастап Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімі бастығының тәрбие және кадр саясаты жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалдым. «Полиция – халыққа жақын болу қажет» деген қағидамен жұмыстанып келеміз. Жерлестеріміздің тарапынан полиция қызметкерлеріне деген құрмет пен бірлесе көмек көрсетуге деген ұмтылысты әркез байқаймыз.

Мемлекетіміздің ішкі істер құрылымы қызметкерлеріне қойып отырған қатаң талабы мен темірдей тәртібіне сай болу басты міндетіміз деп ұғынамыз. Ішкі істер министрлігінде қалыптасатын кадр саясатының орындалуын қамтамасыз етіп, АПБ-де кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүргізу, алқа шешімдері, ІІМ жоспарлары, сондай-ақ департаменттің міндеттері мен функцияларында

жоспарланған шаралардың орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырып, штаттық-қаржы тәртібінің сақталуын бақылаймын. Жеке құрамның арнайы-тактикалық, атыс, дене шынықтыру және жауынгерлік күрес тәсілдері, сондай-ақ, құқықтық, қызметтік, психологиялық дайындығын (БҚО ПД АЖДБ-ның инспекторларымен) бірігіп өткізуді ұйымдастырамын. Ұжымда моральдық-психологиялық қалыпты ахуалды қалыптастырып, жеке құрам арасында әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету тікелей міндетім болып табылады.

БҚО Полиция департаменті кадр саясаты басқармасының бастығы, полиция полковнигі Қадыржан Ерсайынұлының тарапынан ұстаздық бағыт-бағдар мен ағалық қамқорлықты үнемі сезініп келемін. Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің бастығы Бақберген Молдағалиев, бірінші орынбасары Дәурен Сертеков, сондай-ақ, ұжымдағы қырыққа таяу қызметкермен бірлесе жұмыстанудамыз.

– «Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды» деп отбасы құндылығын алдыңғы орынға қоятын халықпыз ғой, отбасыңыз туралы айтып берсеңіз?

– Жұмысыңда жетістікке жетуің, айналаң абыройлы болуың – сыйластығына сызат, сеніміне селкеу кірмеген бақытты отбасыдан бастау алатын байлық деп есептеймін өз басым. Таразда дүние есігін ашқан өзім Жәнібекте бақытымды таптым. Жарымның есімі – Әсел, мамандығы – заңгер. Тамерлан, Әлихан есімді ұлдарымның анасы. Еңбек жолымды бастаған, сүйген адамымды жолықтырған, балаларымның нағашы жұрты тұратын Жәнібек өлкесі, ақпейіл адамдары мен үшін ерекше ыстық.

– Әңгімеңізге рақмет!

**Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУ

Желтоқсан айы, иә бұл ай бүкіл Қазақ елі үшін қадірлі де қас-терлі ай. Желтоқсан айы - Қазақ елінің Тәуелсіз ел болуының алғашқы іргетасының қалануына әкелген, Қазақ тарихының, әлем тарихының төрінде Алтын әріппен жазылатын ай.



Тарихта Тәуелсіздік үшін қаншама көтеріліс болып бәрі де белгілі бір себептермен жеңіліске ұшырап отырғаны ақиқат, ал 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісі» жалаң қолмен қылышынан қан тамған жүйеге қасқайып қарсы тұра білген жалынды жастардың жеңісі. «Желтоқсан көтерілісі» жеңілген жоқ, жеңіске жетті, қаншама Мемлекеттің тәуелсіздік алып, бодандықтан босауына жол ашты.

Желтоқсан көтерілісінің құрбандарын

еске алу бәріміздің борышымыз, яғни, Желтоқсан ұғымымен қатар тұрған Қазақтың біртуар ұлы, Ұлы тұлға Дінмұхамед Қонаевты ұлықтау біздің парыздан да жоғары міндетіміз. Әр жылы Д. Ахметұлын ұлықтауда Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы бойынша барлық аудандардағы қоғам мүшелері командаға бөлініп спорттық ойын түрлерінен жарыс өткізуді дәстүрге айналдырған.



Осы дәстүрді Наурызбай аудандық филиалы жақсы жолға қойып, бұл тұрғыда аудан әкімшілігімен тығыз байланыста жұмыстар атқарып отырады. Осы турнирді өткізуде ҚБ-тің Наурызбай аудандық филиалының төрағасы Ғани Аюпов пен Әріп Қаблановтың еңбектері ерен. Осы мақсатпен Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы №176 мектеп-гимназиясының акт залында топ мүшелерімен қалааралық волейболдан спорттық іс-шара өз мәресінде өткізілді. Шарада алғашқы сөзді алған Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев ашып берді. Жарыс алдында «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев қонақтар арасынан шараның өтуіне қолдау көрсетіп отырған Мирас Нұрланұлын, Д.А.Қонаев қоры қамқоршылық Кеңесінің төрағасы Қалдарбек Сралиевті және №176 мектеп-гимназиясының директоры Нұржамал Дүйсенбекованы «Ұлт патриоты» естелік медалімен марапаттады.

Жиын соңы мектеп оқушылары Желтоқсан ардагерлерінің құрметіне арнайы дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты. Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне мектеп директоры Нұржамал Есіркепқызы бастаған №176 мектеп-гимназиясының мұғалімдері белсене атсалысты. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты Дінмұхамед Қонаевты еске ала отырып 1986 жылғы желтоқсан қозғалысына қатысқан жастардың

ерліктерін насихаттау. Балалар алдында өз шеберліктерін көрсеткен желтоқсан ардагерлері спорттық ойындары арқылы қазақ тарихындағы ұлы тұлғаларды ұлықтай отырып, өскелең ұрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеу, оқушыларды салауатты өмір салтына баулу еді. Жарыс тартымды әрі қызықты өтті.

Турнирде бұл күндері алпысты алқымдаған ардагерлер шебер ойын үлгісін көрсете білді. Жұлделі жарыста командалық ойында ұйымшылдық танытып бірінші орынды Алатау ауданының ардагерлері иеленсе, екінші орынды Жетісу ауданының ардагерлері, үшінші, төртінші орындарды Наурызбай, Әуезов ауданының ардагерлері қанжығасына байлады. Жеңімпаздар арнайы медалдармен, бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталды. Жиын соңында осы шараны ұйымдастырған және демеушілік көрсетіп жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан ардагерлерге, Наурызбай аудандық әкімшілік қызметкерлері мен мектеп ұжымына Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Тоқтабайұлы рақметін айтып алғысын білдірді.

Серік ЖИЕНБАЕВ,
«Желтоқсан ақиқаты»
ҚБ жанындағы «Нұрлы шуақ»
қайырымдылық
қорының жетекшісі

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 10.2.2025 ж. жіберілді. Басуға 20.2.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 2. Таралым 1360.
Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: **75849**

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru